



**ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕП ТҮР**  
«Сарыарқа» саябағында  
Волонтерлер  
слеті өтті

3



**ТЕҢЫЛ ДОП ДОДАСЫ**  
«Almaty akshamy»  
газетінің 35 жылдық  
мерейтойына арналған  
жарыс қызықты да  
тартымды өтті

7



**ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМІ**  
Ұлттық анимацияның  
тамырына қан жүгіртер  
кез келді

12

# Almaty

## AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №149 (6442) 12 желтоқсан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

**«Алматы тазалық»:**

## ҚАР ТАЗАЛАУДА ІРКІЛІС ЖОҚ

Алматыға өткен сенбіде қар жауды. Қаланы ақ ұлпа басқаны сол еді, коммуналдық қызметте қарбалас тірлік басталды. «Алматы тазалық» мекемесінің жұмысшылары ең алдымен негізгі көшелер мен адамдар көп жүретін жаяу жүргіншілер жолдарын, сонымен қатар әлеуметтік нысан аумақтарын қардан тазартуға білек сыбана кірісті.



**Қаланың коммуналдық қызметтері күшейтілген режимге ауысты**

«Алматы тазалық» ШЖК МКК басшысы Әділет Тоқтасыновтың айтуынша, қыста қалалық коммуналдық қызметтер, күшейтілген және тәулік бойғы жұмыс режиміне көшеді. Қар тазалау алгоритмі жауын-шашын кезінде ғана емес, сонымен қатар қар жауғанға дейін жолдарды сұйық реагенттермен алдын ала өңдеуді де қамтиды. Бұл тиімді әдіс Алматыда өткен жылдан бері қолданылып келеді.

– Сұйық реагенттермен өңдеу көлік

қозғалысы үшін аса қауіпті учаскелерден – тік түсулер мен көтерілулерден, көпірлерден, эстакадалардан, тоннельдерден, қиылыстардан және қоғамдық көлік аялдамаларынан, яғни шұғыл тежеу қажет болуы мүмкін орындардан бастап басым тәртіппен жүргізіледі. Сонымен қатар, «Жедел жәрдем» мен ТЖ көліктері үшін жолдар мұқият тазаланады, – деп түсіндірді Әділет Тоқтасынов.

Қай өңірде болмасын, қыс мезгілі жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге

жеңіл тимесі анық. Сол себепті, қар жауа бастаған кезде көшелер көктайғаққа қарсы материалдармен өңделеді. Одан кейін жиналған массаны сыртқа шығару үшін сыпырады. Ал үздіксіз қар жауған кезде технологиялық циклдардың саны, яғни себу және сыпыру кем дегенде үш рет қайталаанады. Қар жауғаннан кейін «асфальт құрғақ» болғанша жол жабындысын қар жамылғылары мен мұздардан тазарту жұмыстары жүргізіледі.

3

## ТҰРҒЫНДАР ДӘН РИЗА

**14-аумақ шағынауданының су мәселесі шешімін тапты**

Алатау ауданына қарасты 14-аумақ шағынауданда сумен жабдықтау құбырлары мен кәріз желілері 1960–1970 жылдары салынған. Инженерлік желілер соңғы жеті жылда әбден тозып, өткір мәселеге айналған еді.

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Алатау әкімдігінің коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Қуатбек Мақашевтың айтуынша, жаңа желілерді салу жобасы 2017 жылы жасалған. Алайда, міндетіне салғырт қараған мердігер «Керегетас» ЖШС компаниясы жұмысты аяқсыз қалдырған.

– Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша осы жылдың көктемінде жұмыстарды аяқтау үшін 2,7 млрд теңге көлемінде қосымша қаражат бөлінді. Ағымдағы жылдың мамыр айында «Болашақ с құрылыс» ЖШС жаңа мердігерлік ұйымымен шарт жасады. Жауапты компания маусым айында жұмысқа кірісті, – дейді түсіндірді әкімдік өкілі.

Қазіргі таңда 16 көшеде ұзындығы 7,5 шақырым сумен жабдықтау желілерін және 7,5 шақырым кәріз желілерін төсеу жұмыстары аяқталды. 600-ден астам меншік ие-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

лерінің учаскелерінің шекараларына дейін инженерлік желілер тартылды. Сонымен қатар, 16 көшеде жаяу жүргіншілер жолының ені 4-тен 8 метрге дейінгі 7,5 шақырым асфальт төсемінің екі қабатына тротуарлар орнатылып, 1,2 шақырым арық желілері төселді. Мердігерлер суық ауа райына дейін асфальтты төсеп үлгерді. Су жиналатын орындарда дренаждық құдықтарды орнату бойынша жұмыстар аяқталуда.

Аудан тұрғындары жұмыстар қайта қолға алына бастағанда «тағы да аяқталмай қалады» деген сенімсіздік танытқандарын айтады.

– Біз мұнда өткен ғасырдың 80-жылдарынан бері өмір сүріп келеміз. Соңғы жеті жылда жағдайымыз болмай кетті. Жазда көшеміздің шаңы аспанға көтеріліп, көктемде лай-батпаққа батушы едік. Міне, сол қиындықтарымыздың барлығы артта қалып, көшеміз жөнделіп, үйімізге су кірді. Қысқасы, жанымыз жадырап сала берді. Әрине, оңай жұмыс емес, сол себепті барлығыңызға рахмет! Әсіресе, қала әкіміне біздің мұң-мұқтажымызды естіп, өтінішімізді орындағаны үшін алғыс айтамыз, – дейді Дмитрий Войтошенко.

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

12.12.2023

Түнде:



-10-12 °C

Бұлтты, қар,  
кей уақытта қатты.

Күндіз:



-10-12 одан әрі

төмендеуімен °C

Бұлтты, қар.



Желдің жылдамдығы:

3-8, күндіз екпіні 13 м/с

13.12.2023

Түнде:



-23-25 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-18-20 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:

0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz







## САРАПТАМА

# ЕЛ БЮДЖЕТІНІҢ БАС ДОНОРЫ

## Алматы еліміздің барлық өңірлерінің арасында абсолюттік рекорд орнатты

2023 жылдың сегіз айындағы қорытынды бойынша ҚР-ның жергілікті бюджетіне түскен түсім 8,6 трлн теңгеге жетіпті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,5%-ға артық. Мұндай деректі Ranking.kz қаржылық ұйымының сарапшылары ұсынды. Жалпы, 2022 жылдың қорытындысы бойынша бюджетке түскен түсім 11 трлн теңгеге жетіп, рекордтық көрсеткіш орнатты. Биылғы жылы жергілікті бюджеттің барлық кірісінің 46,7%-ы салық түсіміне, 50,8%-ы трансферттер түсіміне тиесілі болды.



Мәншүк  
БЕКБОСЫН

### Қала экономикасының негізін құрайтын сала – кәсіпкерлік

Алматы – мемлекеттік бюджеттің бас доноры екені белгілі. Бұл ретте өңірлер бойынша нақтылайтын болсақ, биылғы жылдың қаңтар-тамыз айларында мегаполистің жергілікті бюджет түсімі 1 трлн теңгеге, дәлірек айтсақ, 1,054 трлн теңгеге жетті. Осылайша Алматы еліміздің барлық өңірлерінің арасында абсолюттік рекорд орнатып отыр. Бір жылдың ішінде сома 20,6%-ға өсті. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер бойынша екінші орынды Түркістан облысы (832,6 млрд теңге), ал үшінші орынға Астана (805,9 млрд теңге) жайғасты. Жалпы Алматы қай кезде де бюджетке түсетін түсімдер бойынша еліміздің барлық өңірлері арасында әрдайым көш бастап тұрады.

Биыл жергілікті бюджетке түскен барлық түсімдердің негізгі үлесін – салық түсімі (90,9%) иеленіпті. Трансферттік түсімдер небәрі 5,6 пайыз. Жалпы, соңғы бес жылдың ішінде (2018–2022 жылдар) Алматының жергілікті бюджетінің кірісі 4,4 трлн теңгеге жеткен екен.

Сарапшылардың мәліметінше, Алматының ел экономикасындағы рөлі өте маңызды. Мәселен, 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында Қазақстанның ЖІӨ құрылымында 20,2% көрсеткішпен ең көп үлес біздің мегаполиске тиесілі екені анықталды. Басқа аймақтардың көрсеткіші айтарлықтай төмен. ЖІӨ-дегі үлесі бойынша екінші орында Атырау облысы – 14,1% және бұл үштікті Астана 10,3 пайызбен аяқтап тұр.

Бюджет қаражаты түсімінің, соның ішінде салық аударымы көлемінің ұқсастығы Алматыға тиесілі болуы кездейсоқ емес. Шаһарда кәсіпкерлік саласының қарқын алуы жалпы экономиканың дамуына зор ықпал етуде. Мәселен, биыл қыркүйек айындағы мәліметке сәйкес мегаполисте 113,1 мың жұмыс істейтін компанияның бары анықталды. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,1 пайызға көп.

### Бизнесті дамытуға бағытталған қолдау шаралары көп

Жалпы, Алматыда белсенді жұмыс істейтін компаниялардың қатары мен кәсіпорындардың көбеюі республиканың басқа өңірлерімен салыстырғанда бірнеше есе көп. Бұл соңғы уақытта қаладағы бизнес-климаттың айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. 2023 жылдың қыркүйек айындағы көрсеткіш бойынша Алматыда барлық сала бойынша кәсіпорындар саны ұлғайған. Шағын компаниялар 14,3%-ға немесе 111,6 мыңға, орташа компаниялар 1,8%-ға немесе бір мыңға өсті. Ірі кәсіпорындардың саны өз кезегінде 4,8%-ға өсіп, 520 компанияны құрады.

Бұған Алматыда бизнесті дамытуға бағытталған қолдау шараларының көптігі септігін тигізіп отыр. Қалада мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар жүзеге асырылуда. Соның ішінде 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны ерекше атап өткен жөн. Бұл жоба бұрыннан бар «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламаларының жалғасы іспетті. Бұдан өзге кәсіпкерлікті қолдау үшін «Қарапайым заттар экономикасы», «Алматы Бизнес», «АӨК», «Алматы Бизнес – 2025» сияқты бағдарламалар мен Jana Business қосалқы бағдарламасы жүзеге асырылуда.

2023 жылдың қыркүйегінде ең үлкен өсім сауда секторында орын алды: бір жылдың ішінде қосымша 4,2 мың компания (немесе қосымша 13,8%). Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санының өсуі бойынша көшбасшылар қатарына ақпарат және байланыс секторы (қосымша 1,3 мың компания), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет салалары (қосымша 950 компания), сондай-ақ құрылыс секторы (қосымша 918 компания) кірді. Бұдан өзге, көлік пен қоймалау (қосымша 851 компания), әкімшілік және қосалқы



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

қызмет көрсету саласындағы қызмет (қосымша 813 компания), жылжымайтын мүлік саласындағы операциялар (қосымша 774 компания) сынды салаларды ерекше атап көрсетуге болады.

Сарапшылардың айтуынша, бизнесті қолдау шараларын жүзеге асырудың арқасында өңірде экономиканың барлық саласында жұмыс істеп тұрған компаниялар санының айтарлықтай өсуі байқалады. Бұл бюджетке әрі тұтастай алғанда Алматының да, бүкіл мемлекеттің экономикасына түсетін түсімдерге оң әсерін берді.

### Көш бастап тұрған сала – сауда-саттық

Алматы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында өнеркәсіп, байланыс, банк секторы мен қызмет көрсету саласы бойынша озық қалалардың бірі. Сондай-ақ, мегаполис ішкі сауда көлемі бойынша да көшбасшы. Ресми статистика мәліметінше, 2023 жылдың қаңтар-қазан айларында Қазақстандағы ішкі сауда көлемі 47 трлн теңгеге жеткен. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,6%-ға көп. Жалпы, көлемнің 75%-дан астамы көтерме саудаға тиесілі. Көтерме сауда 32,2 трлн теңгеге құрап, 2022 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда 19,8%-ға артық. Биылғы жылдың он айында бөлшек сауда көлемі 14,8 трлн теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22,6%-ға көп. Өңірдегі жалпы көрініске зер салсақ, көтерме сауданың жалпы көлемінің үштен екісінен астамы Алматыда (12,3 трлн теңге), Астанада (5,3 трлн теңге), Атырау облысында (4,8 трлн теңге) болды. Бөлшек саудада Алматының басқа өңірлерден артықшылығы одан да айқын.

Бөлшек сауда көлемінің жартысынан көбі үш өңірге: Алматы (4,8 трлн теңге), Астана (1,9 трлн теңге) және Қарағанды облысына (1,2 трлн теңге) тиесілі. Көтерме сауданың жалпы құрылымында 2023 жылдың қаңтар-қазан айларында 82,5%-ды азық-түлік емес тауарды құрады: 26,6 трлн теңге, бұл 2022 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда 24,2%-ға артық. Көтерме саудадағы азық-түлік тауарлар тобына 5,6 трлн теңге жұмсалды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,6%-ға ғана артық. Бөлшек саудада азық-түлік емес тауарлар 67,6% немесе 10 трлн теңгені құрады.

Азық-түлік тауарына 4,8 трлн теңге жұмсалды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,3%-ға көп. Жалпы, елдегі әлеуметтік маңызы бар тауарлардың баға индексі мен бағасы айтарлықтай өзгерген жоқ. Бұған ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы берген дерек дәлел. Атап айтқанда, 2023 жылдың 14 қарашадағы жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасының өсу индексі биылғы жыл басынан бергі кезеңде 3,4%-ды құрады. Ең жоғарғы өсім: қырыққабат (жыл басынан бері 52,4%-ға), күріш (38,6%-ға), сәбіз (19,1%-ға), тұздалмаған сары май (11,9%-ға). Сонымен қатар, 14 қарашадағы жағдай бойынша айтар болсақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің жекелеген түрлері бойынша баға біршама арзандады: қарақұмық жармасы (жыл басынан бері 35,9%-ға), күнбағыс майы (16,7%-ға), түйіршіктелген қант (12,1%-ға), пияз (11,5%-ға),

картоп (10,2%-ға), сондай-ақ 1-ші сұрыптағы бидай ұны (0,4%-ға). Алматы қаласы бойынша биылғы жылдың 14 қарашасындағы жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі биылғы жыл басынан бері жалпы республикадағы деңгейге жақындап, 4,6%-ды құрады.

### Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағасы қандай?

Аталған кезеңде мегаполисте әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің 19 түрінің 13-і қымбаттады. Атап айтқанда, қырыққабат (жыл басынан бері 67,4%-ға), күріш (49,6%-ға), 1-санатты жұмыртқа (21,7%-ға), пастерленген сүт (18,1%-ға), айран (12,7%-ға), тұздалмаған сары майдың (12,2%) бағасы қымбаттады. Сәйкесінше республика бойынша тауарлардың жекелеген түрі арзандады, ал 1-ші сұрыпты бидай ұнынан жасалған нанның құны өзгеріссіз қалды. Бұған қоса Алматыда 2023 жылдың 14 қарашасындағы дерекке сәйкес жалпы республика бойынша қарақұмық жармасы (жыл басынан бері 40,4%-ға), күнбағыс майы (24,1%-ға) және картоп (20,8%-ға) арзандапты. Сонымен қатар, түйіршіктелген қант (11,9%-ға) пен пияздың (6,4%-ға) бағасы арзандады. Алматылықтардың жалақысының орташа деңгейі Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда жоғары екенін ескерсек, бұл көрсеткіштерді өте оптимистік деп санауға болады. Ұлттық статистика бюросының талдауы көрсеткендей, Алматыда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасы жалпы республикалық бағаға тең, ал бірқатар тауарлар одан да төмен.

Мәселен, 1-ші сұрыптағы бидай ұнының бір келісі – 241 теңге. Ең төменгі баға Петропавлда – 148 теңге, Алматыда – 310 теңге, Ақтауда – 348 теңге. Бірінші сұрыптағы бидай ұнынан жасалған нан еліміз бойынша орта есеппен 187 теңге тұрады. Алматыда оның құны – 176 теңге, Астанада – 211, Жезқазғанда – 236 (ең төмен баға Петропавлда – 161 теңге). Қарақұмық жармасының бір келісі ел бойынша орта есеппен – 326 теңге. Алматыда – 336 теңге, ал Қарағандыда – 292 теңгеге тең. Жезқазған мен Көкшетауда қарақұмық қымбат тұрады, 338 теңге. Күнбағыс майы орташа есеппен 750 теңге. Алматыда бұл тауардың бағасы 742, Шымкентте – 648, Астанада – 840, Қонаевта – 872 теңгеге тең. Республика бойынша сиыр етінің бағасы орта есеппен 14 қарашадағы дерек бойынша 2492 теңгені құрады. Алматыда бір келісі 2669, ал Ақтөбеде 2039 теңге. Астанадағы ең қымбат ет (2925 теңге), Ақтауда (2822). Тауық етінің келісі 1244 теңге. Алматыда бұл өнім 1267 теңге, Астанада – 1403, Шымкентте – 1093 теңге тұрады.

Сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың ішінде сүт бағасы (ҚР бойынша орташа бағасы – 2,5% пастерленген сүт үшін 383 теңге), түйіршіктелген қант (бір келісі 419 теңге), бірінші санаттағы тауық жұмыртқасының он данасы – 513 теңге. Алматыда мұндай сүтті 417 теңгеге, Түркістанда – 288 теңгеге, Қонаевта – 426 теңгеге, Жезқазғанда – 441 теңгеге сатып алуға болады. Ең арзан түйіршіктелген қант Ақтөбеде (бір келісі 365 теңге), Алматыда – 423, ал Астанада – 455 теңге. Алматыда жұмыртқаның бағасы (он дана) – 560 теңге, Астанада – 604, Петропавлда – 434 теңге, Шымкентте – 446.





АБАТТАНДЫРУ



## ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Биыл қала көшелерінде 3,9 мыңнан астам жол белгісі орнатылып, ауыстырылды.**

Алматы қалалық Мобильділік басқармасы мамандарының хабарлауынша, мегаполисте жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, көліктің өткізу қабілетін қамтамасыз ету және жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттеу бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Көлік жүргізушілеріне қауіпсіздік мақсатында түнгі уақытта көрінуі үшін биыл 95 реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелінде қызғылт-сары жиектері бар жол белгілері ауыстырылды. Сонымен қатар, 102 көшеде екі бағыттағы жолдардағы көліктің ортасын бөлетін жалпы ауданы 264 280 шаршы метр жол таңбасы сызылған. 796 жаяу жүргіншілер өткелінде «Жаяу жүргінші-

лер өткелі» жол белгілері жасалды.

Балалар қауіпсіздігіне де ерекше назар аударылады. Бұл ретте кішкентай қала тұрғындарын түрлі оқыс жағдайлардан қорғау және олардың жарақаттануына жол бермеу үшін жақын маңдағы 80 жалпы білім беру мекемесі металл қоршаулармен қоршалды.

Бұған қоса, жол қозғалысына қатысушылардың назарын аудару үшін 3 мыңнан астам жол белгісі орнатылып, 900-ге жуық «Ең жоғары жылдамдықты шектеу», «Назар аударыңыз, балалар!», «Жаяу жүргіншілер» және т.б. ақпараттық-көрсеткіштік панельдер ауыстырылды.

Бұдан бөлек, жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін биыл 15 бағдаршам мен 40 реттелетін жаяу жүргіншілер өткелін (өту түймесі бар бағдаршам) салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарланып отыр.

ТАЗАЛЫҚ

## ҚАР ТАЗАЛАУДА ІРКІЛІС ЖОҚ

### Коммуналдық қызметтер күшейтілген режимге ауысты

(Басы 1-бетте)

– Көптеген қала тұрғындары жол бойындағы қар үйінділерін көріп, көшелер лас деп шағымданып жатады. Бұл үйінділер жолдардың тазаланбағанын білдірмейді. Әдетте, қар жауғанда, жолдарға мұз қатып қалмауы үшін арнайы қоспалар себіледі. Себебі, көктайғаққа қарсы материалдарды пайдалану және қармен жанасу кезінде мұз қабаты еріп қана қоймайды, сонымен қатар көліктердің дөңгелектеріне де тиімді. Сол себепті, технологиялық процесс – жолдарда пайда болған масса шамамен 2-3 сағат бойы сақталады. Содан кейін ғана біз жолдардағы үйінділерді сокалы-шеткалы машиналармен тазартуға көшеміз, – дейді ведомство басшысы.

Дәстүрлі КҚМ (тұзы бар құм) қатар, қалада мұз қабығының пайда болуына жол бермейтін сұйық күйдегі балама реагенттер белсенді қолданылады. Олардың ылғалды құрылымы көлік құралын жол жиегіне тастамауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе, көлік көп жүретін көшелер үшін тиімді.

Диспетчерлік қызметтің байланыс нөмірі +7 (727) 252-64-96; +7 771 450 32 13. Айта кетейік, бүгінде мегаполистің тазалығымен 1650 «Алматы тазалық» қызметкері мен 800 арнайы техника айналысуда.

### САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ МАҢЫЗДЫ!

«Қазгидромет» РМҚ ауа райы болжамының деректері бойынша Алматы қаласының аумағында 11-12 желтоқсан аралығында биіктігі 7 см-ге дейін қар жауады деп күтілуде.



11 желтоқсандағы ауа температурасы 2 градус аяз болып, түнде 11 желтоқсаннан 12 желтоқсанға дейін -10...-12, одан әрі 12 желтоқсандағы күндізгі кезеңде -20 градусқа дейін төмендеуі мүмкін.

Қаланың коммуналдық қызметтері күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылды. Бүгінде Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы 51 патрульдік бригаданың кезекшілігін ұйымдастырды. Тазалық жұмыстарына 962 жол жұмысшысы, 360 арнайы техника жұмылдырылды. Оның ішінде 124 құм таратқыш, 31 қар тиегіш, 32 қар шығару үшін самосвал бар. Қажет болған жағдайда арнайы техниканың саны артады.

Ауа райының нашарлап, қар аралас жауын-шашын болған жағдайда жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер жолда абай болғандары жөн. Әсіресе, жүргізушілер қауіпсіз жылдамдық режимін сақтау, автомобильдер арасындағы қашықтық пен бүйірлік аралықты, қауіпсіз қашықтықты мейлінше қадағалап, жолда маневр жасау кезінде ұқыпты болулары қажет. Қауіпті жағдайда жол-көлік оқиғасының алдын алу үшін жылдамдықты минимумға дейін төмендеткені абзал. Жаяу жүргіншілер жол бойында пайда болған кезде өте мұқият болу керек. Бұған қоса, көлік жүргізушілері қар тазалау техникасының жұмысына кедергі келтірмеу үшін арнайы бөлінген орындарға қоюы шарт.

### ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

**Жолдарда, тротуарлар мен қоғамдық орындардағы қар тазалау жұмыстарына байланысты қандай да бір пікіріңіз болса, WhatsApp +7 706 689 88 98 нөмірі арқылы жазуыңызға болады.**

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

## ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕП ТҰР

### «Сарыарқа» саябағында Волонтерлер слеті өтті

Бұл іс-шараға волонтерлер, волонтерлік ұйым өкілдері, қала жастары, ҰЕҰ өкілдері, танымал тұлғалар мен қоғамдық пікір көшбасшылары қатысты. Басқосу барысында осы саладағы танымал сарапшылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, жас волонтерлермен пікір алмасты. Қаламызда күн сайын болатын осындай азаматтық мол мейірімнен туындайтын қайырымдылық шараларына еріктілердің қатысуын дәстүрге айналдыру – уақыт талабы.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



### Айнабай МӘДИ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Мұқтаж жандарға риясыз көмек көрсететін еріктілер – адамзат элитасы». Міне, осындай мәнді мақсатты алға қойған слеттің көздегені де волонтерлердің бір-бірімен емин-еркін пікір алмасып, ел-жұрттың еріктілерге деген ерекше ынта-ықыласын ояту, қызығушылығын арттыру.

Сондай сарапшылар қатарында Перизат Қайратқызы («BIZ BIRGEMIZ QAZAQSTAN» жалпыұлттық еріктілер қозғалысы мен қоғамдық қорының басшысы), Әлібек Қайратұлы («DAULETTEN» қайырымдылық қорының атқарушы директоры), Дильмира Блац («LIDER.KZ» із-түзсіз жоғалған жандарға, олардың туыстары мен жақындарына көмек көрсету жөніндегі волонтерлер қозғалысының басшысы) пен Әли Жылқыбай («KOBEEK BALALAR» қайырымдылық қорының директоры) болып, өз көрген-білген, түйгенін

ортаға салып жатты. Әлбетте, тәжірибе алмасу деген осы. Сондай-ақ, іс-шара аясында ыстық шәй ішіліп, қала қамқорына айналып емен-жарқын жүздескен жастарды қолдауға келген эстрада жұлдыздары, шаһар әншілері әннен шашу шашып, концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

«Қамқор» еріктілер ұйымының мүшесі Әсем Ғазез біздің басты қағидамыз: «Өз Отанына қамқор бол!» дейді. «Мақсатымыз – мейірімді істермен айналысу. Біз мейірімді істер марафонына қатысамыз. Ұзақ қашықтыққа жүгірушілерге де жәрдемдіз тиді. Ел-жұртты жақсы істерді насихаттауға шақырамыз. Мамандығыма сай, бірталай қайырымдылық шарасында бастапқы медициналық жәрдем көрсеттім. Мамандығыммен мақтанар тұсым осы. Оның үстіне, ерікті болғаным мақтанамын. Біз еріктілер ерінбейміз», – дейді ерікті, С.Асфендияров атындағы медициналық университеттің студенті Ә. Ғазез.

Айта кетерлігі, биыл шаһарымыздың еріктілері елмен бірге бар қиыншылықты еңсере келе, Түр-

кияның зардап шеккен тұрғындарына – 50 тонна, сондай-ақ Абай облысының тұрғындарына 5 тонна гуманитарлық көмек жинаған. Қосымша демеушілер тартылып, жағдайы төмен 10 мың отбасыға, 350 жетім балаға, 800-ден астам карт кісіге көмек көрсетті.

«Волонтер болғаным жыл жарым уақыт болды. Осы уақыт ішінде көптеген жобаларға қатыстым. Бұл іс-шара шаһарымыздың ерікті жастарын қолдау мақсатында ұйымдастыруға арналды. Бүгін танымал еріктілер шеберлік сабақтарын өткізді. Разы болдық», – дейді «Қамқор» қайырымдылық қорының белсенді волонтері Зере Мақсұтхан.

Слет алға қойған басты мақсат – волонтерлердің бір-бірімен тәжірибе алмасып, халықтың волонтерлікке деген қызығушылығын арттыру, олардың күнделікті қайырымды істерге, игі шараларға қатысуын жүйелі түрде жүзеге асыру. Сол мәнді мақсаттың бірі орындалғандай. Тек адамзатқа ортақ осындай ізгілік істер толастама-сын деп тілейміз.

АҚЫЛЫ ПАРКИНГ

## ТҰРАҚТАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Ағымдағы жылдың 11 желтоқсанынан бастап Алматы қаласының Алмалы ауданында ақылы тротуар тұрағы минутына төленеді. Аталмыш ауданда 27 аймақ, 6504 тұрақ орны жұмыс істейтін болады. Оның ішіндегі 454 тұрақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған.

Ақылы тротуар тұрағы күн сайын сағат 8.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейді. Бір сағаттың құны – 100 теңге. Уақытты есептеу көлік құралының тұрақ аймағында тоқтаған сәтіннен басталады. Тұрақ ақысын алғашқы 15 минут ішінде төлеу қажет.

Тұрақ орны үшін алдын ала төлеуді мынадай тәсілдермен жүргізу қажет:

- «Парковки Алматы» мобильдік қосымшасы арқылы. Бұл қосымшаны Play Market немесе Apple Store телефондарына жүктеуге болады;
- almaty-parking.kz сайтында;
- Kaspi.kz мобильдік қосымшасы арқылы ақпараттық тақталардағы QR-код бойынша;
- kassa 24 терминалы;
- Kcell, Activ, Beeline, Tele2, Altel абоненттерінің 1309 нөмірі бойынша SMS хабарлама жіберіп, тақтада көрсетілген тұрақ нөмірін \* авто нөмірі \* сағат санын көрсету арқылы ұялы шоттың теңгерімінен тұрақ ақысын төлеуге мүмкіндігі бар.

Хабарлама мысалы: 6021 \* 123AA02 \* 1

Бүгінде екінші деңгейлі банктер (Halyk bank, Centercredit, RBK, Jusan және Forte bank) арқылы QR-төлемді ықпалдастыру арқылы төлем тәсілдерін арттыру мүмкіндіктерін белсенді түрде әзірлеуде.

Тротуар үлгісіндегі тұрақтар басқа аудандарда кезең-кезеңімен іске қосылады.

Белгіленген тәртіп бұзылса автоматты режимде, мобильді кешендермен (арнайы авто) тіркеледі. Ақылы тұрақ үшін төлеуден жалтарғаны үшін айыппұл 3 АЕК құрайды (ҚР 597-бабы, 4-1-б.). Бір жыл ішінде қайталап заңбұзушылықтар болса 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Қалада аландық типтегі тұрақтар штаттық режимде жұмыс істейді.

Қазіргі таңда резиденттік келісімдер мен абонементтерді ұйымдастыру мәселесі әзірленуде. Алматы қаласының ақылы тұрақ аймағының шекарасында көлік құралдарын тегін қою құқығына азаматтардың жеңілдікті санаттары ие. Өтініштер ONLINE арқылы «eOtinish» сервисі арқылы, Almaty-parking.kz сайтындағы сілтеме бойынша қабылданады немесе көрсетілген құжаттар пакетін мына мекенжай бойынша ұсынуы керек:

Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байсейітова көшесі, 40, н.д.71, 5-кабинет.

Байланыс орталығы: +7 (727) 390-80-00, күнделікті 8.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

**Бетгі әзірлеген  
Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**





ТҰЛҒАТАНУ

Алматы қалалық Оқушылар сарайының үлкен концерт залында Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің жанынан «Аманат» партиясы мен өзге де мүдделі ұйымдармен бірлесіп құрылған «Жас ұрпақ» ақпараттық-білім беру, патриоттық орталығының кезекті отырысы өтті.

Орталықтың негізгі міндетінің бірі – өскелең ұрпаққа еліміздің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметін өнеге ету.

Бұл жолғы басқосу мемлекеттік, қоғамдық-саяси қайраткер, бұрынғы Әділет министрі және ҚР Үкіметінің бұрынғы вице-премьері, еліміздің қолданыстағы Конституциясы авторларының бірі, еліміздің алғашқы құқықтық реформасының мемлекеттік бағдарламасын жасаушы, белгілі ғалым, заң ғылымының докторы, профессор, Қазақ мемлекеттік заң институтының негізін қалаушы және бірінші ректоры Нағашыбай Аманғалиұлы Шайкеновке арналды.

Жас өрендермен болған жылы жүздесуге заңгердің зайыбы Лидия Шайкенова, Әбікен



Суреттерді түсірген Қайрат ҚАНЫСБАЙ.

Тоқтыбеков сияқты заңгер замандастары мен өзі оқытып, бағыт-бағдар берген Гүлшат Тәкішқызы бастаған студент-ізбасарлары қатысып, абзал азамат, ұлағатты ұстаз, замананың заңғар заңгерін сағынышпен еске алды. Айтпақшы, Нағашыбай Аманғалиұлы ректор болып тұрған кезде студенттерінің әлеуметтік жай-күйіне аса көңіл бөліп, шәкірт-ізбасарларына ізгіліктің дәнін сеуіп, терең білімге ынталандырып талап қоя білетін. Ұрпаққа тәлімі мол бұл басқосуды Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақтияр Камалов жүргізіп отырды. Бір қызығы, бүгінгі басқосуда жас ұрпақ – оқушылардың өзі белсенділік танытып, ой-пікірін ортаға салып, заманының зиялы кісісіне деген құрметін білдіріп жатты.

Солардың белортасында Бәкеннің қызы Әнел де болды.

«Сонау тоқсаныншы жылдың белортасында Әділет министрі болғанда Н.Шайкеновтің еңбекқорлығы сондай, заң саласының мықты мамандарының кеңесін тыңдап, қарбалас уақытта қарамағындағылардың пайымды пікірлерімен санасып, бәріне уақыт таба білетін. Оның өте көп көңіл бөлген мәселесінің бірі – заң жобалары. Шайкенов министр боп тұрғанда, ведомство жанынан «Жеті Жарғы» баспасы ашылып, «Заң» және «Юридическая газета» басылымдары жарық көрді. Оның өмірлік ұстанған «Құқықсыз еркіндік жоқ» деген мызғымас кредосы болды. Сол ізгілікті жолынан қайтпады», – дейді көзден кетсе де, көңілден кетпеген, республика фемидасында парасатты принципімен қалған білікті заңгер, кемел азаматтың өткен шағын еске салған замандасы, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру орталығының басшысы болған Ә.Тоқтыбеков.

Судьялардың ұлттық элементі бар мантиясы да осы кезде қабылданған болатын. Алайда, оның өте талапшылдығы кейбіреулерге ұнамаған-ды. Тіпті, оның отбасына қауіп бұлты төнгенін қазақтың жалпақ тілінде жақсы сөйлей білетін Нақанның жары Лидия Алексееқызы күйеуінің өз аузынан шыққан сөзімен дәлел келтіре, қынжыла айтып берді.

«Кейбір адамдар қарсы шықты. Жұмыстан келген сондай бір сәтінде сол көреалмаушылықтың күйкі тірлігінің қатерін де қаперге салғаны бар-тын. Мен жарымды жақсы түсінетінмін. Ізгі идея жолында қашанда табандылық танытатын. Мұндайда оны тоқтату мүмкін емес. Сондай жігерлі, мықты адам болды», – деп Л.Алексеевна ел еңсесін көтере қоймаған сол сұрапыл кезеңдегі ерінің жанкештілігін еске түсірді.

«Қазақстандағы тарихи жағдай – құқықтық реформа болады. Ол міндетті түрде жүзеге асады» дейтін Нағашыбай ағамыз. Өзіне өте сенімді, осындай өжет мінезімен ойындағысын ешбір ымыраға келмейтін қасиеті әрі адалдығы үшін Нағашыбай Аманғалиұлын әріптестері, тұрғыластары ерекше сыйлады. Өйткені, оның «біреуден пайда көрейін» деген ішкі есебі болмады, ешкімнен ештеңе жасырмады, ешкімге жағымпазданған жоқ.

Түгел сөздің төркіні, Шайкенов шын мәнінде, еліміздегі құқықтық заңдылықты, құқықтық мәдениетті алға жылжытушы. Ол кісі өз ісінің талантты да дарынды, мықты маманы ретінде есте қалды. Кезінде Шайкеновтің саяси мәлімдеме де жасағаны бар. Сәл кейіндеу мұның мәнісі сұралғанда, былайша жауап қатқан: «Біз қалыптасып қалған жолмен жүре беретін болсақ, ештеңені өзгерте алмаймын. Оған уақытым да жоқ...» деген еді. Қатты ауырып жүрсе де, қайсар азамат алған бағытынан қайтпады, алға қойған мақсаты – жүйелі заңдылықты іске асырғанша тыныштық таппады. Ол – арпалыста жүріп көз жұмған қайраткер.

ҚАУІПСІЗДІК

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ жалған қоңыраулардан сақтаныңыз

Ұлттық банк жасанды интеллекті қолданып, алдамшы қоңырау соғатындардан сақтануды ескертеді.

Қаржылық реттеу мамандары азаматтарды белгісіз нөмірлерден қоңырау түскен кезде сақ болуға шақырады. Шабуылдаушылар жақын туысы мен таныстары жайлы ақпаратты ашық көздерден алдын ала жинайды. Бұл ақпарат әлеуметтік желіден, бұзылған мәліметтер базасы мен интернетте жарияланған жеке деректен алынуы мүмкін. Содан соң олар дауыстық деректі жазу үшін белгісіз немесе жасырын нөмірден телефон қоңырауын жасайды. Алынған дауыстық жазба мен жасанды интеллект арқылы өңделген бағдарламаны пайдалана келе, шабуылдаушылар жеке деректі не ақша алу үшін «ықтимал құрбанның» туыстарын, сондай-ақ жақындарын тандайды.

– ҚР Ұлттық банкі азаматтарды белгісіз нөмірлерден қоңырау алған кезде қырағы болуға, жеке деректі жарияламауға, мобильді қосымшаны орнатпауға, ұялы телефонға қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз етпеуге, сондай-ақ үшінші тұлғаның шотына ақша аудармауға шақырады. Егер сіз немесе сіз білетін адам алаяқтық схемаға тап болса, алаяқтық дерегімен тергеу жүргізу үшін құқық қорғау органдарына тиісті өтініш беруіңізді ұсынамыз. Кеңес алу үшін 1477 қысқа нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады, – дейді қаржылық реттеу мамандары.

ЖОБА

Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 4-4-тармақшасына сәйкес, «Ішкі сауда қағидасына» сай Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында стационарлық емес сауда нысандарының орналасу орнын анықтау және бекіту туралы» қаулысының жобасын әзірледі.

## САУДА НЫСАНДАРЫ РЕТКЕ КЕЛТІРІЛЕДІ

Жобаға сай, 157 стационарлық емес сауда нысандарын (СЕСН) орналастыру үшін 142 орын бекітілді. Қабылданған шаралар стихиялық сауданың үлесін азайтып, заңсыз орналасқан сауда нысандарына байланысты жергілікті атқарушы органдарға өтініш жіберетін тұрғындар арасындағы әлеуметтік

шиеленісті төмендетуге мүмкіндік береді. Басқарма сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар белгілеген орындардан тыс жерде сауда жасау ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 204-бабымен әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескертеді. Ескереріміз, биылғы қаңтарда Алматы қаласы

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

Алматы Қала құрылысын бақылау басқармасы заңсыз тұрғын үй кешенін сүрудің басталғаны туралы хабарлады. Алматы әкімдігі мен қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бірлескен жұмысы аясында таулы жерлерде заң талабы мен құрылыс нормасына мүлдем сай келмейтін салынып жатқан 52 нысан анықталды. Солардың бірі – Витебская көшесі, 44/3,44 А мекенжайда орналасқан КНАН тұрғын үй кешені.

## ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ СҮРІЛЕДІ

### Тағы да 19 нысанға қатысты сот шешімі заңды күшіне енді

Бұл нысанды «Tennis.kz» ЖШС салған. Әрі нысанның эскиздік жобасы келісілмеген, авторлық және техникалық қадағалауы, сараптама қорытындысы жоқ. Оның үстіне, мұндағы құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғаны жөнінде хабардар етілмеген. Тапсырыс берушіге қатысты басқарма ӘҚБтК-нің 316-бабының 1-бөлігі, 321, 462-баптарымен шара қабылданды. Сондай-ақ, басқарма биылғы 28 сәуірде Алматы қаласының СМЭС-на кешенді сүру жөнінде талап-арыз берді.

Сот талқылауы аяқталған соң осы жылғы 24 қазанда Алматы қалалық сотының қаулысымен нысанды бұзу жөнінде бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалды. Заңсыз нысанды бұзу Әділет департаментінің сот орындаушыларының қатысуымен жүргізіледі. Бір айта кетерлігі, тағы 19 нысанға қатысты толық немесе ішінара бұзу, учаскені бастапқы күйіне келтіру мен нұсқаманы мәжбүрлеп орындау туралы сот шешімдері заңды күшіне енді.

Бетті әзірлеген  
Айнабай МӘДІ.





## СҰХБАТ



**Алматыда заң саласы мамандарының шоғыры басым. Іргелі жоғары оқу орындары да осында орналасқан. Мегаполисте заң саласының қайраткерлері жас мамандарды дайындап, елге зор үлес қосып келеді. Бір сөзбен айтқанда, Алматыда бірегей заңтану орталығы қалыптасқан. Елдегі ауқымды реформаларға қатысты идеялар да осында бастама болып көтеріліп жатады. Осыған орай, Д.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясы Конституциялық құқық және халықаралық істер кафедрасының профессоры, заң ғылымының докторы Ерзат Бекбаевпен сұхбаттасқан едік.**

## Бұқараға жақын болуы тиіс

– Алматының халқы қазір 2 миллионнан асып кетті. 2030 жылға қарай қала халқының саны 2,5 миллион адам болса, 2040 жылға қарай 3 миллион адамға жетеді екен. Осы ретте халқының саны басым алып мегаполисте азаматтардың құқықтық сауаттылығын қалай арттырамыз?

– Бұл өте күрделі сұрақ. Күн тәртібінен ешқашан түспейді. Әр азамат өз ісімен шұғылданады. Әркім өз жолымен жүріп жатыр. Күн көрудің қамымен басқаға мойын бұруға мұрша жоқ. Күндіз-түні жұмыс істеп жүргендерден не заң сұрайсыз?! Жұрттың уақыты да жоқ. Тіпті, құқық саласы мамандарының өзі жалпы заңдардың бәрін жатқа біле бермес. Тек өзінің бағытына қарай іс қылуы ықтимал.

Меніңше, ең бастысы, Конституцияны білген дұрыс. Ата Заңның реализациялануы үшін 380-нен астам заң қарастырылған. Әр нормасының өзінде ерекшелік жетерлік. Дәлірек, қылмыстық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық деп бөліне береді. Соның арасында сайлау туралы, денсаулық сақтау жайында да заңдар баршылық. 300-ден астам заң Конституцияның орындалуын қамтамасыз етеді. Біздің Ата Заң – түсінікті, нық, мағыналы әрі көлемі де ыңғайлы. Үндістанның Конституциясы 10–15 есе қалыңырақ һәм үлкен. Кеңестер Одағы тарағаннан соң әсірелеуге кірістік. Халықаралық құқықты ескереміз деп әуре-сарсаңға түстік. Қанша дегенмен, сырттың қағидаты бөлек. Оның бәрін қадағалаймын деп әсіре белсеніп әбiгерге түссіз. Қайткенде де, әр елдің ең жақсы үлгісі бәрібір келесіне өтеді. Міне, бұл жағынан алғанда қажетті дүние баршылық. Кейбір заңдар Еуропада жүзеге асқанымен, Қазақстан ыңғайына жарамайды. Бұған географиялық, тарихи, мәдени факторлар тікелей әсер етеді. Заң қай кезде бұқараға жақын, сол кезде орындалады.

– Алматы қалалық сотының дерегіне сүйенсек, Оңтүстік астанада 250-ге жуық судья жұмыс істейді екен. Олар қаншама азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді қарайды. Осы ретте соттарға қойылатын талаптар жылдан-жылға қатайып келеді. Бұл оларға деген сенімсіздікті білдірмей ме? Сот төрелігі төңірегінде айтып берсеніз...

– Соттың әділдігі туралы әртүрлі мәселе айтылып жатады. Бұл өте бір түйткілді тақырып. Судьялар тек заңның аясында шешім шығаруы тиіс. Бір сөзге қипақтамауы керек. Заң аясында іс жүргізсе

# АТА ЗАҢДЫ БІЛУ – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Өмірдің әр саласында адалдық қағидаты жүруі үшін біршама негіздер жүзеге асуы қажет. Қоғамның әрбір бөлігінде заң нормалары сақталуы тиіс



ешкімнің дауы болмас еді. Кейде олай болмай жатады. Қағазда жазылған бір бөлек, ал өмірде көрініс беруі қанша дегенмен өзгереді. Ешбір судья заңнан алыс кетпесе екен. Адам тағдырымен ойнамаса дейміз. Тек белгіленген заң аясында шешім шығарса, онда сот әділ болды деп санаймыз. Егер заң бойынша жасалған шешім болса, ештеңе дей алмайсыз. Таяқтың екінші ұшы бар дегендей, бұрыс іс жасаса, онда мәселе көтеруге болады.

Бүгінде судья болудың талабы жоғары. Әуелі жоғары білім, еңбек өтілі, 30 жасқа толған болуы керек, емтихан тапсырады, полиграфия сынды түрлі этаптардан өтеді. Кейде теория мен практика үйлеспей қалады. Сөз бен іс қабыспай жатады. Қазіргі процестерге қарап сәл де болса ілгерілеу байқалады. Қазақстанда сот әділдігі орнауын армандап келеміз.

## Мықты адвокат кісіні жауға бермейді

– Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау жолында прокуратураның атқаратын міндеті өте маңызды. Өткенде Алматы қаласының прокурорлары 17 млрд теңгеге мемлекеттік сатып алудың күшін жойыпты. Прокурорлардың актілері бойынша 17 млрд теңгеден астам сомаға 46 конкурс жойылған, 10 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 9 мемлекеттік ұйымның басшыларына 5 млн теңгеге айыппұл салынған. Жалпы, прокуратура саласының мамандарына қатысты не айтасыз?

– Прокуратура мақсаты – заңның сақталуын қадағалау. Тек қана заң аясында жұмыс істелгенін қатаң қадағалайды. Егер прокурорлар барынша өз ісіне ұқыпты қараса, заңсыздықтың жолы кесіледі. Олар да өз қал-қадерінше заңсыздықпен күрес жүргізіп жүр. Әрине, тіршілік бар жерде, кем-кетік болады. Артқа кетіп жатырмыз дей алмаймыз. Әлгінде айтқанымдай, алға ілгерілеу бәрібір сезіледі.

Заң бұзылған жағдайда адам прокурорға барады. Барлық құқық қорғау органдарын бақылауда ұстайды. Сондықтан бұл құрылымның таза, әділ, халыққа жақын жұмыс істеуі ауадай қажет.

– Алматы қаласында Адвокаттар алқасы жұмыс істейді. 2 миллионнан аса халқы бар алып мегаполисте адвокаттардың көмегіне мұқтаж азаматтар аз емес. Осы тұста елмен етене араласып, сот жүйесімен және құқық қорғау органдарымен халықтың арасындағы алтын көпірге айналған адвокаттар туралы не айтасыз? Олардың қызметін қалай бағалар едіңіз?

– Өмір тәжірибемде адвокаттармен жо-

лымыз түйіспепті. Десе де, бірер ой айтайын. Негізі әр істе кәнігі маман немесе нашар деп бөлінеді. Қорғаушылар қызметі де сондай деп білеміз. Іс тәжірибесін шыңдап отыруы қажет. Сонда адвокаттарға қарата сын пікір көп айтылмайды. Батыс елдеріндегідей жанын салып қорғайтын болады. Қазір құқықтық кеңселер пайда болды. Олар да өзіне кеңес беріп, азаматтардың құқығын қорғауға атсалыса бастады. Адвокаттар да көбейді. Адвокат деген жәбірленушінің төлеген ақшасына орай құқығын қорғап береді. Егер заң бұзылса, сол бойынша жұмыстанады. Егер менің құқығым аяққа тапталса, арыз берген арызым қаралмаса, ақырында адвокатқа жүгінерім анық. Міне, осы тұста қорғаушының ісі, шеберлігі көрінеді. Мықты білікті маман болса, кісіні жауға бере қоймайды.

## Ұлттық менталитетке лайықталған

– Ұлттық менталитетімізге қарай заңдарды бағыттауға бола ма?

– Әлбетте! Егер заң сол мемлекеттің менталитетіне, ғұмыр кешу дағдысына, әдет-ғұрпына негізделмесе, онда қиын. Ондай көшірме заңдар ұлттық тұрғыға сай келмесе, бұқара оны қабылдамайды. Демек, ол шикі заң деген сөз. Иә, біз бір кездері француздық модельді алған болармыз. Францияның үлгісі халықаралық стандарттарға сай келіп, батыстық тәжірибеге сүйендік. Себебі, француздар президенттік басқару үлгісінде. Жалпы, «суперпрезиденттік басқару» және «президенттік басқару» үлгісі деп екіге жіктеледі. Соның екінші тарапына қарай ойыстық.

Ұлттық менталитетке Ата Заңымыз лайықталған деп санаймын. Бәлкім, ішінара заңдарды түзеу қажет болар. Егер ынта болса, оның да ретін таба аламыз. Көпшілік қауым қаласа «билер сотын» енгізейік. Дегенмен, бұл өткен кез ғой. Мәселен, бұрынғы кезде «өменгерлік» болды. Сондай-ақ, «қалың мал» төлеу бір өңірде бар, кейбірінде жоқ. Өткенді көшіріп әкеліп, бүгінге таңа алмаспыз. Ол қолайсыз шығар. Қазір автомобиль, интернет пайда болды. Тек қана баяғы сұрлеумен жүру, оңға немесе солға бұрылмау деген жарамас. Жоғарыда айтқанымдай, өз ұлтыңның ерекшеліктеріне зер салып, бірақ соны бүгінгі заман талабына сай бейімде, сонда нәтиже көрінеді. Мұндай идеялардың барлығы өмір жақсы болсын деген мақсатта жасалады. Айтса да, уақыт өте келе бұл ойға ораламыз, өзі де түбі осыған бара жатыр.

## Қадағалауды күшейтуі қажет

– Заң саласынан қандай өзгеріс байқайсыз?

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жолдады. Сонда бірқатар бастамаларға тоқталды. Соның ішінде заң саласына қатысты идеялар ұсынды. Яғни әділ қоғам орнатудың алғышарттарын түзіп берді. Өмірдің әр саласында адалдық қағидаты жүруі үшін біршама негіздер жүзеге асуы қажет. Қоғамның әрбір бөлігінде заң нормалары сақталуы тиіс. Заңның сақталуын қадағалайтын, ол – мемлекет. Құзырлы орындар, ел тізгінін ұстайтын атқамінерлер, құқық қоғау саласының мамандары және т.б. аса қадағалаған дұрыс.

Мемлекет басшысы тарапынан заң актілерінің орындалуы турасында нақты нұсқаулар берілді. Қай тұста заң үстем және қай жерде заңға бағынышты құқықтық актілер қарастырылған. Заңдарымыз жетерлік. Жазылып та қойылған. Мәселе, заңның солқылдақ болмай орындалуы маңызды.

Белгілі бір министрлік, құқық қорғау орындары заңға бағынышты актілерді шығарады да, сол кезде белгіленген ережелерді сақтай бермейді. Кейбір заңнамалық актілерді өзгеріске түсіріп жіберуі мүмкін. Осыдан келіп заңды мың құбылтып, ақыры түсінбеушілікке душар етеді.

Конституциялық сотты қалпына келтірді. Егер адам өзінің құқығының тапталғандығын сезсе, жоғары өкілетті органға жүгіне алады. Жеке тұлғаның Конституциялық сотқа берген арызы қаралады. Берілген өтініштің дұрыс-бұрыстығы тексеріледі. Мемлекеттік құрылым өкілдерінің жасаған ісі байыпталады. Қазір көптеген құқықтық түзетулар бар. Көптеген мемлекеттік органдар өзінше ереже шығарып, түзету жасауға тырысады. Әрине, мемлекеттің күшейгендігіне қарсылық жоқ. Бірақ кейде толған ереже, қағиданы көріп, ми шатасады. Қайсысы дұрыс немесе бұрыстығын ойлап, басыңыз қатады. Бір ғана ғылым мен білім саласы құрылымының өзі мың құбылады. Қай құрылымдық жүйемен жүреріңді білмей қаласың. Қазақстанда 300-ге жуық негізгі заң бар. Содан тарайтын кіші заңдар және бар. Міне, бұқара осындай ұсақ нормативтік құқықтардан шаршайды. Басты заңды бағыт етіп, сол бойынша жұмыс істеген жөн.

## Отбасы тәрбиесінің маңызы жоғары

– Заң бұзбайтын, жемқорлыққа бармайтын кадрды қайтіп дайындаймыз?

– Е-е, бұл да өзекті сауал. Меніңше, отбасындағы тағылым-тәрбие күшті болуы керек шығар. Адалдықтың үлгісін көрсетіп өсірген дұрыс болар. Сонда барып баланың бойына әділ, парасатты мінез-құлық дариы. Ертеңгі күні университет қабырғасында оқыса да, білім мен тәрбиені қатар дамыта алады. Бұрын баршасы заңгерлік білім алды. Тым көп заңгерлер шоғырын шығардық. Қазір инженер, технолог, жаңа технология тілін меңгергендер қажет болып тұр.

Қайткен күнде де, қоғамға сауатты заңгерлер қажет-ақ. Білікті кадрлардың қатары аз. Шетелден кеңесші дәріс беруге шақыртылады. Алайда, біздің заңнаманы білмейді. Кілтипан осында. Шеттен келген заңгер мың жерден басы алтын болса да, қазақтың ұғым-түсінігін ұқпайды. Өзіміз сапалы кадр дайындайық, сонда алға басамыз. Жастар барынша білім алып, өз мәдениетін үйреніп болашаққа қадам бассын дейміз.

– Заң қашан қазақша сөйлейді?

– Уақыт өте келе бәрі орнына келеді. Біраз уақыт өтсін. Негізі бұл мәселе бәрімізге тікелей қатысты. Соның ішінде ел тізгіндейтіндердің қолында көп тетік бар. Бұрынғыға қарағанда, жақсы өзгерістер бар. Бір күнде, бір жылда бәрі бірден бола қалмайды. Уақыт емші. Қорыта айтқанда, «сабақты ине сәтімен» дейміз.



Сұхбаттасқан  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





## ● КОНФЕРЕНЦИЯ

Тәуелсіздік күні қарсаңында «Желтоқсан көтерілісінің Тәуелсіздік жолындағы рөлі» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Мұнда Желтоқсан оқиғасы Тәуелсіздік жолындағы соңғы және нәтижелі күрес екенін еске ала отырып, көтерілістің ұлт үшін маңыздылығы жеткізілді. Іс-шара Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен өтті.



Ернұр  
РЫСБАЙ

— Бүгінгі іс-шара Желтоқсан оқиғасының 37 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылып отыр. Қала әкімдігінің тарапынан «желтоқсанишыларға» ерекше көңіл бөлінеді. Көтерілістің Тәуелсіздік жолындағы маңыздылығы туралы насихатты тоқтатпаймыз. Дәл осы «желтоқсанишылар» жастарға тәлім-тәрбие мен үлгі көрсететін ұлтжанды азаматтар. Біз қаһармандарымыздың өлшеусіз ерліктерін, ел тарихында өшпес салған іздерін әрдайым дәріптеп жүруіміз қажет, — деді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Бағлан Төлеухан.

Ал Желтоқсан ақиқаты мен шындығы жолында қалам тербеп, ой айтып жүрген көрнекті қаламгер де бұл тақырыптан тағы да қалыс қалмады.

— Желтоқсан көтерілісі Тәуелсіздік жолындағы маңызды оқиға екені белгілі. Қазақ халқы Тәуелсіздігінен 1991 жылға дейін бірнеше рет айырылған болатын. 1731 жылы Ресей құрамына кіріп алған рет айырылды, одан кейін 1822 жылы хандық билік жойылып тағы айырылып қалды, үшіншісі Алаш орда үкіметі тарқатылып, қазақ зиялылары қудалауға түскенде сол жағдай қайталанды. Ал біздің бабалар аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізіп отырғанымыздың басты себебі ретінде Желтоқсан көтерілісін айта аламыз, — деді тарих ғылымының кандидаты, жазушы-публицист, «Әділет» тарихи-ағарту

# ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Қала әкімдігінің тарапынан «желтоқсанишыларға» ерекше көңіл бөлінеді



қоғамының президенті, Желтоқсан көтерілісінің ардагері Бейбіт Қойшыбаев.

Ғылыми конференцияға Желтоқсан көтерілісінің ардагерлері, тарихшылар, ғалымдар және жастар қатысты. Тарихшылар көтерілістің ақ пен қарасын ажыратып, оқиғаның қалай болғаны жайлы жастармен бөлісті. Осы орайда көтерілістің басты мақсаты жайында тың ақпараттар да аз болған жоқ. Сонымен қатар, тарих ғылымының докторы, профессор, Желтоқсан көтерілісі тарихы оқулығының авторы Бақдәулет Берлібаев Желтоқсан көтерілісінің құрбаны — Ербол Сыпатаев оқыған Энергетика және байланыс университетінде Желтоқсан мұражайын ашқан болатын. 1986 жылғы қанды қырғынға байланысты мақалалары арқылы Ербол Сыпатаевты ұлт мақтанышына айналдыруға қол жеткізген бірден-бір тарихшы баяндама жасады.

— Тәуелсіздіктің себепшісі болған көтеріліс жайында «Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы» атты кітап жаздым. Бұл кітап жастарға өз тарихын біліп, рухани жағынан дамуға өз ықпалын тигізуге ыңғайлы. Жастарымыз осы кітап арқылы Желтоқсан оқиғасының нақты ақиқатын білсе, тарихын оқыса, Жаңа Қазақстанды құруымыз жеңілдірек болмақ. Біз еркіндікке ұмтылған, жауынгер халық екенімізді келешек ұрпаққа жеткізуіміз қажет, — деді Б.Берлібаев.

Іс-шарада Желтоқсан көтерілісі күрескерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешу — басты бағыт атты баяндамасымен «Желтоқсан жұлдыздары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлмира Мустафина сөз сөйледі.

— Қазіргі таңда көтеріліс қаһармандарына бөлініп жатқан көмекті ескере отырып, мемлекет тарапынан бөлінетін қаражаттың көбейгеніне алғыс айтамын.

Сонымен қатар, денсаулық сақтау басқармасына желтоқсанишыларға көрсетіп жатқан қолдаулары үшін дән ризамыз. Алдағы уақытта да денсаулық сақтау басқармасымен байланыста боламыз. Сонымен қатар, Желтоқсан көтерілісі күрескерлерінің басқа да әлеуметтік мәселелері шешіле береді деген үміттеміз, — деді Г.Мустафина.

Ғылыми-практикалық конференцияның соңында дарынды оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Бірі Желтоқсан қаһармандарына арнау арнаса, бірі қазақтың киелі домбырасымен күй тартып, қалың жұрттың көңілінен шықты. Қазақ халқының болашағына сеніп, тәуелсіз мемлекетті армандап, сол жолда өздерін құрбандыққа шалған қаһармандардың мол мұрасы, өлшемсіз сыйы — Тәуелсіздік. Қазақтың жаужүрек батырлары келешек ұрпақтың болашағы үшін барын салды.

## ● РОБОТОТЕХНИКА

«Атакент» көрме орталығында робототехника чемпионаты және дрондар бойынша чемпионат, сондай-ақ оқушылардың инновациялық жобаларының көрмесі өтіп жатыр. Чемпионатқа Қазақстанның барлық өңірлерінен және Қырғызстаннан, барлығы — 2000-ға жуық жас өнертапқыш қатысуда. Екі күндік іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Алматы қаласы Білім басқармасы мен USTEM Foundation қоғамдық қоры ұйымдастырды.



Досбол  
АТАЖАН

— Чемпионат 2014 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді. Биыл 9-рет ұйымдастырылды. Жарысқа барлығы 140 команда қатысуда. Әрбір командада шамамен 10 оқушыдан. Бұл балалар өңірлерден іріктеліп келген үздік өнертапқыштар. Оған қоса, көрші Қырғызстаннан 4 команда келді. Осы жылы чемпионатты әртүрлі бағыттарға бөліп жасадық: инновациялық жоба, дрондар жарысы, сонымен қатар FIRST бағыты. Қазір робототехника дүниежүзілік тренд. Жалпы, чемпионат оқушыларды бір-біріне көмек көрсетуге, командада жұмыс істеуге, инженерлік дағдыларын дамытуға көмектеседі, — деді Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы дарыны» орталығының директоры Гүлнұр Кәрімғажы.

Робототехника чемпионаттарында оқушылар дүниежүзілік білім беру бағдарламасының үш жас санатында бақ сынауда, олар: FIRST LEGO LEAGUE EXPLORE (6–10 жас), FIRST Lego League CHALLENGE (10–16 жас) және FIRST TECH CHALLENGE (12–18 жас). Чемпионатта жас өнертапқыштар роботтар ойынында күресіп қана қоймай, «өнердегі ғылыми инновациялар» тақырыбы бойынша өздерінің инновациялық жобаларын ұсынды.

— Біз FTC (FIRST TECH CHALLENGE) жарысы бойынша екінші рет қатысып жатырмыз. Жарыстың мәні — роботпен ойын элементтерін жинау арқылы ұпай жинау керек. Ең көп ұпай жинаған робот жеңіске

# ЖАҢАРҒАН ТЕХНОЛОГИЯ

2000-нан астам жас өнертапқыш «ALMATY TECHCUP-2023» чемпионатына қатысып жатыр



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жетеді. Одан бөлек, инновациялық жаңалыққа, роботтың түріне қарай да басқа номинациялар бар. Қазір командамызда 12 адам. Әркімнің өзінің қызметі бар: 4-еуі инженер, 2-еуі программист, 3-еуі SMM, одан бөлек дизайнер мен менеджер болып командаға өз үлестерін қосады. Роботты құрастыруға 3 ай уақыт кетті, — деді БИЛ және РФММ мектептерінің біріккен командасының капитаны Арнар.

Ал баскетбол, футбол және дрон жарысы бағыттары бойынша дрон чемпионатына 7–22 жас аралығындағы жас ұшқыштар қатысты. Мұндай ауқымдағы жарыс Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылды және еліміздің қорғаныс әлеуетін нығайтуға бағытталған Smart Sarbaz отандық бағдарламасының айналасында құрылды. Бұл жарыстың тапсырмалары VR көзідіріктер арқылы ұшу аппараттарын жылдам басқаруға негізделген. Ойындар арасында дрондарды іс-шараның қонақтары мен қатысушылары басқарып көруге мүмкіндік алды.

— Алматы тауларына барсаңыз, шашылып жатқан қоқысты жиі көзіңіз шалған шығар. Мәселен, былтыр Көкжайлауда жарты тонна қоқыс шығарылды. Бір жылдары Медеу ауданының әкімдігі үлкен жүк көліктерінің тауға көтерілуі қиын екенін

хабарлаған еді. Сол кезде маған «Неліктен қоқыс жәшіктеріндегі қоқысты дрон арқылы алып түспеске?» деген ой келді. Себебі, қоқысты аз-аздан күнделікті жинап отырса, табиғатымыз таза болар еді. Осылайша біз қоқыс салатын сөмке әзірледік. Туристер арнайы ілгішке ілінген сөмкеге қоқыс салады. Ол толған сәтте дрондар өз беттерінше сөмкені ұшып алып кетеді. Дрон 30 келіге дейін қоқысты көтере алады. Оған Greenbox деген атау беріп қойдық. Әлемде зат тасымалдайтын дрон бар. Бірақ біздікі секілді затты өз бетінше көтеріп не іліп әкететін дрон әлі жасалмады. Бұл дронды жасауды тамыз айында ойластырдым. Қыркүйек айында жинауды бастап, жақында аяқтадым, — дейді Алматы қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Байсат Темірлан.

Сонымен қатар, TechCup Almaty чемпионаты аясында бүкіләлемдік «Код сағаты» акциясы өтті. Онда барлық тілек білдірушілер жасына және техникалық біліміне қарамастан геймификация арқылы бағдарламалау негіздерін меңгеріп көрді. Сондай-ақ, Tech Cup Almaty аумағында Microsoft секілді әлемнің жетекші IT компанияларының сарапшылары жасанды интеллект тақырыбы бойынша сабақтарын өткізді. Одан бөлек, қаты-

сушылар мен қонақтар түрлі шеберлік сабақтарға қатысып, атакты спикерлерден түрлі дәрістер тыңдай алды. Жарыс барысында инновациялық жобалар мен стартаптар көрмесі де өтті.

— Биылғы жылы TechCup тақырыбы екі өзекті бағытта — жасанды интеллект пен шығармашылық тәңірегінде құрылған. Біз балаларымыздың инженерлік әлеуетін ашып, оларға өздерінің мықты инженерлік қауымдастығын құруға жағдай жасағымыз келеді. Қазақстан бүгінде робототехника бойынша екі дүркін әлем чемпионы. Біздің балаларымыздың әлемдік аренадағы осындай үлкен жетістіктері олардың осындай чемпионаттарға қатысуының нәтижесі. Сондықтан біз Алматы қаласы Білім басқармасына және Алматы әкімдігіне біздің өскелең ұрпаққа беретін мүмкіндіктері үшін алғыс білдіреміз, — деді қоғамдық қордың негізін қалаушы Нұрәулет Досмағамбет.

Айта кеткен жөн, чемпионаттың жұлде қоры — 10 000 000 теңге. Ақшалай сыйлықтардан басқа қатысушылар бағалы сыйлықтар, ҚБТУ, Тұран, Satbayev және SDU секілді Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында гранттар мен Үндістан, Кипр, Түркия және Индонезиядағы халықаралық чемпионаттарға лицензиялар беріледі.





ФУТЗАЛ

# ТЕҢБЫЛ ДОП ДОДАСЫ

«Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдық мерейтойына арналған жарыс қызықты да тартымды өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Мың жасаған шаһардың шамшырағына айналған «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдық мерейтойы аясында футболдан спорттық турнир ұйымдастырылды.**

1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығып келе жатқан «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдық мерейтойын тойлаймыз деген ақпарат майданындағы әріптестеріміз сенбі күні шағын алаңға жиналды. «Alatau Aqparat» медиахолдингі ұйымдастырған жарысқа қанша жылдан бері міндетін адал атқарып жүрген тәжірибелі журналистермен бірге бұқаралық ақпарат құралдарының қазанында енді қайнай бастаған жастар да келді. Әріптестеріміз бір күнге қолдарындағы қаламы мен қағазын,

микрофон мен камерасын қойып, үстеріне командалық форма, аяқтарына футбол кроссовкасын киіп, спорт алаңына шықты. Турнирге «Almaty aqshamy» газетінің намысын қорғаған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің командасынан бөлек, Qazaqstan және «31» телеарналарының, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның ұжымдары және блогерлерден құралған «Ардагерлер» командасы қатысты.

Мерекелік-спорттық іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Марлен Бауыржанұлы, «Almaty aqshamy» газетінің 2005–2021 жылдар аралығындағы бас редакторы, журналист-жазушы Қали Сәрсенбай, Қазақстан Журналистер академиясының президенті, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Шығармашылық даму жөніндегі кеңесінің мүшесі Сағымбай Қозыбаев, «Невада–Семей» қозғалысы-

ның вице-президенті Валерий Жандәулетов, Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжінің директоры Ербол Мағазов құрметті қонақ ретінде қатысты.

Турнирдің ұйымдастырылуына түрткі болған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы қатысушылар алдында сөз сөйледі.

– Алатаудың баурайынан шығып, алты Алашқа тарайтын «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдық мерейтойына арналған жарыста барлықтарыңызды көргеніме қуаныштымын. Бұл баршамызға ортақ мереке. Өйткені, «Almaty aqshamy» газеті тек қаланың ғана емес, осы уақытта ұлттың басты басылымдарының біріне айналды, тәуелсіздік жылдарының жылнамасына айналды. Бұл тұста аға буынның, осы басылымда еңбек еткен барша әріптестеріміздің еңбегі зор. Қазір «Alatau Aqparat» медиахолдингі «Almaty aqshamy»

газетінің жеткен жетістігін аласартпай, ары қарай дамыту үшін барын салып жатыр. Жалпы, журналистер тек қалам ұстап қана қоймай, әр салада жүйрік екендерін дәлелдеп келеді. Сондықтан бүгінгі ала доп аламан да қызықты да тартымды боларына сенемін, – деді Ержан Қалымбайұлы.

Айтқандай-ақ, турнир тартысқа толы болды. Өйткені, жарыс жеңімпазы кезектесе ойнаған командалар арасында ұпай саны бойынша анықталды. Әр ұжым қалған командалардың барлығымен алаңға шығып, ала доп үшін алысып көрді. Жалпы, жарыс нәтижесі бойынша жақсы ойын көрсете білген Qazaqstan телеарнасының командасы үшінші орынға ие болды. Ал қарсы келген талай допты қайтарған команда қақпашысы Азиз Тастаев «Үздік қақпашы» номинациясын жеңіп алды. Екінші орынға «31» телеарнасының ұжымы жайғасты. Өз голдарымен командаға маңызды жеңістер алып келген Ержан Жүніс «Үздік шабуылшы» сыйлығына ие болды. Турнир қорытындысы бойынша блогерлерден құралған «Ардагерлер» командасы үздік атанып, мерейтойлық жарыстың Кубогын ұтып алды. Аталмыш ұжымның ойыншысы Дастан Сәкенов «Үздік гол» номинациясымен марапатталды. Сондай-ақ, үлгілі ойын өрнегін көрсеткен «Қазақ газеттері» командасының ойыншысы Айдос Қалжановқа «Үздік қорғаушы» сыйлығы берілді.

– «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдығы журналистердің басын қосуға басты себеп болды. Алматыдағы журналистердің жиналмағанына біраз болып еді. Бұл біз үшін үлкен қуаныш болып отыр. Қанша уақыттан бері көрмеген әріптестерімізді, достарымызды көріп, бір алаңда доп теуіп, маркайып қалдық. Мұндай жарыстар журналистердің достығын нығайта түседі. «Almaty aqshamy» – қаланың тыныс-тіршілігінен хабар беріп жүрген еліміздегі бірегей газеттердің бірі. Басылымға сәттілік тілеймін, істеріңіз алға баса берсін, – деді Qazsport телеарнасының редакторы Азиз Тастаев.

БОКС

Жанқоштың жеңісі:

## ЕКІ ЧЕМПИОНДЫҚ ТИТУЛ

**Алматыда өткен бокс кешінде Жанқош Тұраров қарсыласы Акихиро Кондоны жеңіп, екі чемпиондық белдікті беліне байлады.**

Жексенбінің кешінде Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында Жанқош пен Акихироның бокс кеші өтті. Одан бөлек, турнир аясында Қазақстан, Жапония, Қытай, Бразилия, Үндістан, Египет және Өзбекстан боксшыларының қатысуымен 11 жекпе-жек болды.

Турнир отандасымыз Тимур Баситов пен үнді боксшысы Сунид Хохар арасындағы жекпе-жектен басталды. Тимур бұл кездесуде жартылай ауыр салмақта дебют жасаса, Үндістанның тәжірибелі өкілі бұған дейін 9 жекпе-жек өткізіп, оның сегізінде жеңіске жеткен. Төрт раундқа есептелген жекпе-жек бірінші раундта Тимур Баситовтың жеңісімен аяқталды. Осылайша Баситов кәсіпқой бокстағы жолын техникалық нокаутпен бастады. Одан кейінгі кездесу жеңіл салмақта екі қазақстандық боксшы – Әлихан Төленбаев пен Дәуіт Ынтымақ арасында өтті. Төрт раундқа созылған жекпе-жектің қорытындысы бойынша төрешілердің шешімімен Дәуіт Ынтымақ жеңіске жетті. Бокс кешінің келесі кездесуі бірінші ауыр (90,7 келіге дейін) салмақта өтті. Рингте Шынарбек Батинулы мен кәсіби бокс бойынша дебют жасаған Азат Болатов жұдырықтасты. Оның нәтижесі бойынша Шынарбек Батинулы бірінші раундта жеңіске жетті. Одан кейінгі жекпе-жек те нокаутпен аяқталды. Бірінші жартылай орта (63,5 келіге дейін) салмақтағы кездесуде Нұржан Серікбаев



қарсыласы Бекарыс Жарылқасынұлын нокаутқа жіберіп, қатарынан үшінші жекпе-жекте мерзімінен бұрын жеңіске жетті.

Кештің басты карды, яғни ең басты бөлігі жерлесіміз Елшат Нығметолла мен үнді боксшысы Сандип Кумар арасындағы жұдырықтасудан басталды. Бұл жекпе-жек екінші жеңіл салмақ дәрежесінде алты раундқа жоспарланған болатын. Дегенмен, кездесу екінші раундта техникалық нокаутпен Елшаттың пайдасына шешілді. Бұл қазақ боксшысының кәсіпқой мансабындағы он сегізінші жеңісі. Келесі жекпе-жек қазақ боксшы Елхан Табынбаев (6-1) пен 8 жекпе-жектің 7-еуін мерзімінен бұрын аяқтаған

Гилсон Гойз да Силва Жуниор (7-1) арасында суперорта салмақта (76,2 келіге дейін) өтті. Жекпе-жек нокауттарымен танымал бразилиялық боксшының өзінің нокаутқа кетуімен аяқталды. Елхан Табынбаев алматылық көрермендердің алдында жеңіске жетті.

Маңызы жағынан кештің екінші жекпе-жегінде қазақстандық боксшы Балауса Мұз-димаң мен мысырлық Марьям Гебер қолғап түйістірді. Айта кеткен жөн, бұл кездесудің алдында екі боксшының мансабында да жеңіліс болмаған: Балауса 2 жекпе-жекте жеңіске жеткен (оның біреуі мерзімінен бұрын), ал Марьям рингтен 3 рет жеңімпаз ретінде шыққан (оның екеуі мерзімінен бұ-

рын). Алматыдағы рингке билеп шыққан мысырлық боксшы, жекпе-жек кезінде Балаусаға тиісті қарсылық көрсете алмады. 6 раундқа есептелген кездесу, үшінші раундта Мұздиманның мерзімінен бұрын жеңісімен аяқталды.

Рингке ең соңғы болып көтерілген кештің хедлайнерлері – Жанқош Тұраров пен Акихиро Кондо болды. Жанқош биыл наурыз айында бірінші жартылай орта салмақта (63,5 келіге дейін) IBO титулын мексикалық Алахандро Менесесен жеңіп алған болатын. Енді ол чемпиондық атағын WBO Азия чемпионы, өте тәжірибелі жапондық боксшы Акихиро Кондоға қарсы қорғады. Сондай-ақ, бұл жекпе-жекке вакантты WBA Gold титулы тігілді. 33 жастағы қазақ боксшысы спорттық мансабындағы 27 жекпе-жектің 27-сінде жеңіске жетіп, оның 20-сын мерзімінен бұрын аяқтаған. Ал Акихиро мансабында 37 жеңіс, 11 жеңіліс, 2 тең нәтиже бар.

Кештің басты жекпе-жегі сенсациясыз өтті. Жекпе-жек 12 раундқа созылып, төрешілер шешімімен жерлесіміз жеңіске жетті – 118:110, 120:108, 118:110. Осылайша Жанқош Тұраров бұл жекпе-жекте бірінші жартылай орта салмақтағы IBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы атағын сәтті қорғап, вакантты WBA Gold титулын жеңіп алды.

Айта кеткен жөн, WBO және IBF нұсқалары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы Алматыдағы бокс кешіне қонақ ретінде қатысып, Жанқош Тұраровқа қолдау көрсетті. Ал турнир соңында кәсіпкерлер әлемге Қазақстан атын шығарып жүрген Жәнібекке су жаңа көліктің кілтін табыс етті.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.





## СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Тілеухан ӘБІЛДАЕВ,  
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Алматы қалалық филиалының директоры:

# ЖЕТІСТІКТЕРДІҢ БАСЫМ БӨЛІГІ МӘМС-ПЕН БАЙЛАНЫСТЫ

Биылдың өзінде қаланың денсаулық сақтау саласы бюджеті қосымша 144,4 млрд теңгемен толығып отыр

Халық саулығын сақтау – өте күрделі және көп шығынды қажет ететін процесс. Бұл процесте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің атқарар рөлі зор. Жалпы, біздің мегаполисте МӘМС жүйесін іске асыру қалай жүріп жатыр? Қандай өзгерістер, қандай қиындықтар бар? Осы және өзге де сұрақтарға Медициналық сақтандыру қорының Алматы филиалы директоры Тілеухан ӘБІЛДАЕВ жауап берді.

– Тілеухан Шілдебайұлы, медицина жайлы сөз болғанда МӘМС-ті айналып өту мүмкін емес. Жүйе енгізілгені бері медициналық көмектің қолжетімділігі артты дегуге бола ма?

– Бүгінде Қазақстанның денсаулық сақтау саласын медициналық сақтандырусыз елестету мүмкін емес. Елімізде МӘМС жүйесінің енгізілгеніне биыл төртінші жыл. Кейінгі бірнеше жылда салада болған жетістіктердің басым бөлігі МӘМС жүйесімен тығыз байланысты.

Биыл медицинаға бөлінген бюджет пен осыдан төрт жыл бұрынғы бюджеттің арасындағы айырма жер мен көктей. Мысалы, 2023 жылы Алматы қаласы бойынша медициналық көмекке 303 млрд теңге қарастырылған. Оның 158,6 млрд теңгесі – мемлекет тарапынан бөлінетін кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетіне, 144,4 млрд теңгесі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне тиесілі.

Яғни алдыңғы жылдарды айтпағанда, бір ғана биылдың өзінде қаланың денсаулық сақтау саласы бюджеті қосымша 144,4 млрд теңгемен толығып отыр. Оның ішінде сіз бен біздің салалық мамандардан алған консультацияларымыз, әдетте бағасы 20–30 мыңнан кем тұрмайтын компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография, реабилитация кызметі, түрлі қымбат операциялар мен анализдер, экстракорпоральды ұрықтандыру, жүкті әйелдер мен 18 жасқа дейінгі балаларға көрсетілетін жоспарлы стоматологиялық көмек сынды тағы да басқа қызметтер бар. Мысалы, өткен 9 айда Алматы тұрғындарына МӘМС пакеті шенберінде көрсетілген түрлі қызметтерге 105,6 млрд теңге төленді. Бір қарағанда, бұл жай ғана сан болып көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, сақтандырылған азаматтар қалтасынан шығатын шығынды қысқартып, осындай қызметтерді пайдаланып отыр.

## Пациенттер шағымы жедел шешіледі

– Дегенмен, наукастар тарапынан түсетін шағым азаймай тұр. Бұған не дейсіз?

– Қордың маңызды міндетінің бірі – пациенттер құқығын қорғау. Осы мақсатта бірнеше кері байланыс каналы ашылған. Азаматтар медициналық көмек дер кезінде көрсетілмесе немесе сапасына көңілі толмаса Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Қордың fms.kz ресми сайты немесе 1414 бірыңғай байланыс орталығы арқылы шағым қалдыра алады. Барлық шағым міндетті түрде қаралып, шешімін табады.

Тұрғындар көбіне емханаға барғанда талон куту, базаның істемей қалуы секілді мәселелер туындайтынын айтып, шағымданып жатады. Мұндай шағымдар медициналық қызмет сапасын жақсартуға көмектеседі. Мысалы, біздің филиал бір жылда медициналық көмек, оның сапасына қатысты 5 мыңға жуық шағым қарайды.

Сараптап қарасақ, Қордың барлық мәселені шешуге құзыры жете бермейді. Мысалы, көптеген пациент консультативтік-диагностикалық қызметтерді сарсылып көп күтеміз деп шағымданып жатады. КТ/МРТ сынды диагностикалық тексерулер жағынан проблема жоқ, біз бұл мәселені жаңа клиникаларды жұмысқа тарту арқылы шешіп отырамыз. Алайда, салалық мамандар тапшылығы мәселесін Қор шеше алмайды. Ал бұл өз кезегінде

алыстағы ауыл тұрмақ, Алматы сынды үлкен қаладағы медициналық көмектің қолжетімділігіне тікелей әсер ететін мәселе ғой. Дәрігер маман даярлайтын бір емес, бірнеше оқу орны бар қалада мұндай проблема туындауы қисынға келмейді.

Медицина ұйымдарының менеджментіне, соның ішінде емханалар мен стационарларда жұмыстың ұйымдастырылу деңгейіне қатысты шағымдар көп. «Дәрігер қабылдамады, дәрекі сөйледі» деген сипаттағы шағымдар да бар. Ондайда тексеріс жүргізіліп, расталған жағдайда айыппұл салынады.

## Сапаға мән беріледі

– Жеке клиникаларды жұмысқа тартамыз деп қалдыңыз. Бірақ көпшілік жекеменшік емханаға барып қаралуға болатынын біле бермейді. Қазір олардың үлесі қанша?

– Мемлекеттік емес медицина ұйымдарының сақтандыру жүйесіне қатысуына заңмен жағдай жасалған. Жалпы, сақтандыру жүйесіне жекеменшік клиникалардың қатысуы салада бәсекелестік тудырады. Медициналық бизнес азаматтар денсаулығын қорғауға, көмек сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, мемлекеттік емдеу мекемелерінің жүктемесін төмендетуге едәуір септігін тигізеді.

Бір айта кетерлігі, МӘМС бойынша қызмет көрсететін жекеменшік емханалар саны да жыл санап артып келеді. Мысалы, биыл Алматы қаласында 232 медицина ұйымы Қормен жұмыс істейді. Соның 144-і – жекеменшік. Сақтандыру жүйесі толыққанды енгізілген төрт жыл ішінде жеке клиникалар көрсететін қызмет спектрі де айтарлықтай артты. Бүгінде бізбен жұмыс істейтін бизнес нысандары жалпы практика дәрігерлерімен, салалық мамандармен жабдықталған, гемодиализ, экстракорпоральды ұрықтандыру, медициналық оңалту, позитронды-эмиссиондық томография, магнитті-резонанстық және компьютерлік томография сынды тағы да басқа қызметтер көрсетеді.

– Қор медицина ұйымдары көрсеткен көмек сапасын тексеріп, кемшіліктерге жол берген жағдайда айыппұл салып отыратынын білеміз. Осы жайында толығырақ айтып берсеңіз.

– Қор – халыққа кепілдендірілген тегін медициналық көмек және МӘМС пакеттері шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлейтін қаржы операторы. Сонымен қатар, көрсетілген қызмет сапасын тексереді. Жалпы, бұл екеуі бір-бірімен астасып жатқан, тығыз байланыстағы дүниелер. Халыққа көрсетілген қызмет ақысын төлемес бұрын алдымен оның сапасын тексереміз. Құжаттар арқылы расталған, медициналық көмек көрсету стандарттары мен клиникалық хаттамаларға сай көрсетілген қызметтің ғана ақысы төленеді.

## Клиникаларға қойылатын талаптар күшейеді

– МӘМС арқылы тиесілі қызметті көрсетпеген клиникаға қандай жаза қолданылады?



– Егер емхананың немесе аурухананың жұмыс барысында кемшілік жібергені расталған жағдайда айыппұл салынады. Мысалы, биыл бірінші жартыжылдықта Алматыдағы медицина ұйымдарының 95 мыңнан астам қызметті түрлі кемшіліктермен көрсеткені белгілі болды. Оларға 629 млн теңгеден астам айыппұл салынды. Кемшіліктер амбулаторлық-емханалық көмек, консультативтік-диагностикалық қызметтер барысында орын алған.

Мониторинг барысында клиникалар негізінен емдеу протоколдарынан ауытқу, қызмет бағасын негізсіз қымбаттату, көрсетілмеген қызметті көрсетілді деп қосып жазу сынды кемшіліктерге жол беріп жатады. Қызмет көрсетуден негізсіз бас тартқан, көрсетілмеген қызметті көрсетілді деп жазған емдеу мекемелеріне аталған қызмет құнынан 300% айыппұл салынады. Қайтарып алынған сома медкызметтің басқа түрлеріне жұмсалады.

– Осы мәселе жайлы әлеуметтік желіде, әсіресе Фейсбукта көп жазылады. Бұған қандай факторлар әсер етіп отыр деп ойлайсыз?

– Бұл жерде мәселенің бір ұшы қаржыға келіп тіреледі. Дәрі-дәрмекпен қамту да, қызмет бағасын негізсіз өсіру де, көрсетілмеген қызметті көрсетілді деп қосып жазу да, қызмет көлемінің шектен асып кетуі де қаржылық тәртіптің төмендігінен, емдеу мекемелерінде тиісті менеджменттің жоқтығынан туындайтын келенсіздіктер.

Сонымен қатар, цифрландырудың дұрыс жүргізілмеуі, интернет жылдамдығының төмендігі, жүйеде жиі болатын техникалық ақаулар да себеп. Кейде медицина қызметкерлері жұмысбастылығына байланысты қызметті ақпараттық жүйеге кешіктіріп енгізіп жататын жағдайлар да болады.

Жалпы, қосып жазу жылдан-жылға азайып келеді. Себебі, қазір халық бәрін көріп отырады, өз құқығын жақсы біледі. Қазірдің өзінде «Дамумед» сынды мобильді қосымшаға тіркеліп, қосып жазу фактілерін байқаған жағдайда Қорға шағымданып отыратын азаматтар баршылық. Бұл өз кезегінде көрсетілмеген қызметті көрсетілді деп қосып жазу фактілерін қысқартуға септігін тигізеді анық.

Сонымен қатар, алдағы уақытта Қор осының алдын алу мақсатында екі деңгейлі мониторинг енгізіп, клиникаларға қойылатын талаптарды заң арқылы күшейтуді көздеп отыр. Болашақта әр пациент көрсетілген қызметті QR-код арқылы растайтын болады. Өзірге бұл нобайлы жоба ретінде Астана, Алматы қалалары мен Солтүстік Қазақстан облысының кейбір клиникаларында қолданысқа енгізілді.

– Уақыт тауып сұхбат бергеніңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан  
Нұржамал ӘЛШЕВА.



## СҰРАҚ-ЖАУАП



## Емізік зиян ба?

– Балама еміздікті тастата алмай жүрмін. Қорқытып, жирендіру үшін еміздікке тұз да, бұрыш та жақтық, сонда да қоймайды. Осы күні аузынан жиі су ағып жүр. Жалпы, емізік зиян ба?

Зарина ҚОНЫСБЕК,  
ата-ана.

Майра АЙТУАРҚЫЗЫ,  
педиатр:

– Балада туғаннан табиғи ему рефлексі болады. Сәбидің көпшілігі саусағын немесе жұдырығын сорады. Қарны ашқанда немесе ұйқысы келгенде саусағын аузына салады. Алғашқы 3-4 айда нәрестенің емуге деген ықыласы өте жоғары болады. Сондықтан бұл аралықта емізік өте қажет. Бірақ еміздікті бір бала емсе, кейбірі аузына алмай, шығарып тастай береді. Ондайда тезірек ұйықтап қалса екен деп тықпалай берудің қажеті жоқ. Ал егер балаңыз еміздікті қалап тұрса, уайымдамаңыз. Оның соншалықты зияны жоқ. Алайда, аса құмар болмағаны дұрыс. Мәселен, бала ұйықтап кеткен кезде, аузынан алып тастаңыз. Аузынан алып қойсақ, оянып кетеді демей, оған мән беріңіз. Ал ояу кезінде еміздікті тығып қойып, көзіне көрсетпеуге тырысыңыз. Себебі, бала еміздікті шектен тыс көп сорған жағдайда дамуына кедергі келтіруі мүмкін, яғни шайнауы, жақ-сүйегі, тістердің дамуы дұрыс болмайды.

Еміздіктің ауызға тығыз жабысып тұратын түрін тандаған абзал. Оның өлшемі де баланың жасына қарай әртүрлі болуы керек. Еміздікті жиі ауыстырып тұрыңыз және күнде жақсылап жуып тұрған дұрыс.

Еміздіктің пішінін үшке бөлуге болады. Біріншісі, классикалық, дөңгелек – физиологияға сай емес, жақ, тістеу бұзылыстарын тудырады. Екіншісі, ортодонтты, симметриялы – ананың сүт безіне ұқсас келеді, шайнау, жақ бұлшық еттеріне әсер етпейді. Ал үшіншісі, ортодонтты, анатомиялық – физиологияға ең сай келетіні, тіс мамандары еміздіктің осы формасын ұсынады.

Латекстен (табиғи материал) жасалған емізіктер жұмсақ, эластикалық болып келеді. Жарамдылық мерзімі өте аз, 1-2 айдай, тез еріп кетеді, бұзылады. Балада аллергия туғызуы мүмкін. Ал силиконды (синтетикалық материал) емізіктер латекске қарағанда шыдамды. Бірақ қаттылығы кей балаларға ұнамайды. Жалпы, балаға еміздікті 1-1,5 жасқа дейін емуге болады.

Нұр ЖАМАЛ.





## ОҢАЛТУ

**Алматылық науқас оңалту ем-шараларының арқасында аяққа тұрды. Дәлірек айтсақ, зембілмен жеткізілген пациент ауруханадан өз аяғымен шықты. Иә, мегаполистегі №7 қалалық клиникалық аурухананың нейрореабилитация бөлімшесінде ұзақ уақыт бойы медициналық оңалтудан өткен 67 жастағы пациент үшін бүгін ерекше күн.**

Клиниканың баспасөз қызметі хабарлағандай, құлап, ауыр жарақат алған зейнеткерге екі рет ота жасалған. Бұған дейін реабилитацияның екі курсынан өтіпті. Оңалту бөліміне жеткізілген кезде аяқ-қолынан әл кетіп, қолдары семіп, бұлшық ет массасы 1,0 балға дейін төмендеген. Салдарынан қолын көтере алмай қалған, әрі біреудің сүйемелдеуінсіз жүріп-тұра алмайтын.

Аурухананың нейрореабилитация бөлімшесі меңгерушісі Айнұр Досыбаеваның айтуынша, пациент оңалтудың 1-ші және 2-ші курстарынан өтіп, денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған ем-шараларды алған. Онда науқастың денсаулық жағдайына қарай дербес және кешенді оңалту іс-шаралары жүргізілген.

«Әрқайсысы 14 күннен тұратын екі курс барысында пациент күн сайын кинезиотерапевпен жұмыс істеді, нейрореабилитацияның ПНФ, Бобат терапия сынды ең заманауи әдістерімен емделді. Сондай-ақ, арнайы қондырғылар арқылы жаттығып, массаж, физиоэм қабылдады, еңбекке бейімделді. Нәтижесінде күнделікті өмір сүруге қажетті дағдылар қайта оралды», – дейді реабилитолог-дәрігер.

Бөлімшеде мультидисциплинарлық емдеу тәсілі қолданылады. Көптеген мамандардың қатысуымен жүргізілетін ем-дом пациентті мүгедектіктен сақтап қалады және оның қатарға қосылып кетуіне мүмкіндік береді.

«Ауруханадан шыққанға дейін аяқ-қолындағы бұлшық еттері қатайып, өз бетімен жүріп-тұратын болды, қолын көтереді, жұдырығын ашып-жұмады. Енді ол реабилитацияның 3-ші кезеңіне жолданды. Емді тіркелген емхана арқылы алады», – дейді Айнұр Досыбаева.

№7 аурухананың нейрореабилитация бөлімшесі үш жылдан бері жұмыс істейді. Мұнда мидағы қан айналымы бұзылған пациенттер оңалтудың екінші кезеңінен өтеді және ми мен жұлынға ота жасалады. Бұл жерде емделу үшін «Ауруханаға жатқызу бюросы» арқылы кезекке тұру қажет.

Бір айта кетерлігі, медициналық сауықтыру мен қалпына келтіруге бағытталған ем-дом МӘМС арқылы жүргізіледі. Оңалтудан мидағы қан айналымы бұзылған немесе операция жасатқан пациенттер алғашқы 6 ай ішінде өте алады. Биыл бөлімшеде 560 науқас ем қабылдаған. Оның 70%-ы инсульт алған пациенттер болса, 30%-ы – түрлі операциялардан кейін келгендер.

# ҚАТАРҒА ҚОСЫЛДЫ

Зембілмен жеткізілген пациент ауруханадан өз аяғымен шықты



## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматылық 67 жастағы тұрғын:

### АЯҚ-ҚОЛЫМДЫ ҚОЗҒАУДЫҢ ӨЗІ МҰҢ ЕДІ...

Реабилитация бөліміне келген кезде ауыр халде едім, аяқ-қолымды қозғаудың өзі мұң болды. Осында алған емнің арқасында аяққа тұрдым, күнде 50 метрге дейін өзім жүретін болдым.

Өз қолыма өзім иелік етіп, желкемді, мұрнымды

қасып, қасық, кесе дегендерді көтеретін халге жеттім. Жазылып келе жатқанымға көзім жеткен соң, жігерленіп, үмітке сенім қосып, өз-өзіме келе бастадым.

Бөлімше меңгерушісі Айнұр Жиенбайқызы мен нұсқаушы-маман Жанасыл Рысбекұлына айтар алғысым шексіз. Менің аяққа тұруыма осы кісілердің сіңірген еңбегі зор. Соның арқасында өзімді жақсы сезініп, аяқ-қолыма жан бітті. Жетінші аурухана қызметкерлерінің бәріне де ризамын!

## ЖАҢА ЖОБА

## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН

сенсорлық интеграция кабинеті кешенді ем-дом жасайды



Сурет: Алматы қаласының ҚДСБ

**Алматыда менталды ауытқуы бар және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оңалту үшін сенсорлық интеграция кабинеті ашылды, деп хабарлайды Almaty.tv арнасындағы әріптестеріміз.**

Иә, психомоторлық дамуы тежелген балаларды оңалтудың жеке тәсіліне сұраныстың артуына байланысты Алматыда қалалық Балаларды оңалту орталығының базасында сенсорлық интеграция кабинеті ашылды.

Бұл қадам балаларының дамуына байланысты қиындықтарға тап болған отбасылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар мұндай мәселелерді шешуге интеграцияланған тәсілдің маңыздылығы мойындалады.

Сенсорлық интеграция кабинеті – бұл психомоторлық дамуы тежелген балаларды кешенді емдеу мен қолдауға арналған. Ол ерекше қажеттіліктері бар балаларда моториканың дамуын, қозғалысты үйлестіруді және қабылдау мен ойлаудың когнитивті дағдыларын ынталандыру үшін сенсорлық терапия қағидаттарын қолданатын заманауи әдістерге негізделген. Сонымен қатар, балаларға қоршаған ортаның сенсорлық сигналдарын қабыл-

дауды дамытуға көмектеседі. Олардың әртүрлі ынталандыруға жауап беру және кеңістікте бағытын айқындай білу қабілетін жақсартады.

Аутизм, даун синдромы, зейін тапшылығының синдромы, гипербелсенділігінің бұзылуы диагнозы қойылған, психо-сөйлеу дамуының кешігуі бар балалар мұндай емдік тәсіл аса маңызды.

– Емдеу барысында жүйке жүйесі барлық анализаторлардан – есту, көру, вестибулярлық, дәм сезу, сондай-ақ жанасу және проприоцепция рецепторларынан сигналдар алынады. Алынған сенсорлық ақпаратты өңдеп, баланың бойындағы аурудың деңгейі анықталады. Егер сенсорлық сигналдарды өңдеудің бұзылуы анықталса, моторикадағы, танымдық дамудағы және мінез-құлықтағы қызметтердің де бұзылыстарына әкеледі. Сондықтан сенсорлық интеграция әдістерін педагогтармен бірге ақылдасып, білім берудің құрамдас бөлігі ретінде қосу қажет. Сенсориканы дамыту арқылы бала әлемді тану механизмін меңгереді. Сондықтан сенсорлық қабылдауды ынталандыру аса маңызды. Біз Алматының денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарының педагогтары үшін балаларды түзетуде сенсорлық интеграциялық терапияны қолдану бойынша шеберлік сабағын өткіздік, – дейді орталық директоры Эльвира Роот.

Мұндай іс-шара менталдық бұзушылығы бар және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға күнделікті өмірге жақсы бейімделуге және өзінің дербестігін арттыруға көмектеседі.

Бұл оқиға балаларға жеке және сапалы оңалту көмегіне қол жеткізудің маңыздылығын көрсетеді, сондай-ақ олардың дамуына және қоғамға барынша кірігуіне ықпал етеді.

## АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ



## Ағзаға несімен пайдалы?

**Кепкен өрік ас қорыту жүйесіне пайдалы. Стрестің және қан аздықтың алдын алады. Құрамындағы А дәрумені терідегі ақаулардың еміне оң әсерін береді. Күніне 5 дана кепкен өрік жесеңіз жетіп жатыр.**

Кепкен құрма имунитетті күшейтеді, қатерлі ісікке қарсы тұра алатын қауқа-ры бар. Терінің әсемдігі мен саулығына әсері бар. Ас қорыту жүйесінде қиындығы бар жандарға көмегі үлкен. Ми жұмысын да реттейді.

Кепкен інжір арықтағысы келетіндер үшін пайдалы. Құрамында аминқышқылдар көп. Сол арқылы жасуша қалыптасуында, дененің жаңалануында белсенді рөлі бар.

Кепкен жүзім қақырық

түсіреді, тыныс жолдары ауруларына қарсы тұра алады. Күніне 10 данасын жеу арқылы қан қысымын төмендетуге болады. Имунитетті де күшейтеді.

Кепкен алма тыныстың тарылуына, астма, жүрек мазасыздығына қарсы жақсы әсер етеді. Құрамындағы талшықты ерекшелігімен ішектерді тазалайды. Көзді шаршатын жұмыс істейтін іскер жандарға күніне бір уыс кепкен алма жеу пайдалы.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.





## БАЙҚАУ



## «ҮЗДІК ПЕДАГОГ» АТАНДЫ

Жақында республикамыздың ең үздік 64 мектеп мұғалімі мен колледж оқытушылары «Үздік педагог» атағына ие болды. Топ жарғандардың арасында Алматы қаласының атынан қатысып, абыройын асқақтатқан 6 педагог бар, олар да үздік атанды.

Олардың қатарында Ш.Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мөлдір Үсенқызы, М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Дәурен Сағынғалиев, «Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің» өндірістік оқыту шебері Гүлжан Маметаева, «Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің» арнайы пәндер оқытушысы Айжан Темірбекова, «Алматы сән және дизайн колледжі» өндірістік оқыту шебері Жанаргүл Әубәкірова, «Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжінің» арнайы пәндер оқытушысы Ақбота Серікханова бар.

Биылғы еліміздің үздік педагогтарын ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев марапаттап, «Үздік педагог» төсбелгісі мен 3 450 000 (1000 АЕК) көлемінде ақшалай сыйақы табыстады. Байқауға мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері қатысқан еді. «Үздік педагог» байқауына білім беру ұйымдарында еңбек етіп жүрген, кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар ұстаздар қатысқан еді. Аталмыш конкурс 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы күнге дейін 624 педагог үздік деп танылса, олардың әрқайсысына мемлекеттік қолдау ретінде 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы беріледі.

Биыл конкурсқа қатысу үшін барлығы 961 өтінім келіп түскен. Конкурсты өткізу рәсімінің өзі автоматтандырылған және ашық түрде өтті. Республикалық конкурстық комиссияның құрамында болған үкіметтік емес ұйымдар, ата-аналар қауымының өкілдері, журналистер, белсенді педагогтер, Білім және ғылым қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіподағының өкілдері нағыз маманды анықтап, еңбектерін бағалады.

## СЕМИНАР

## ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Қазіргі таңда білім сапасын арттырудың түрлі әдіс-тәсілдері қолданылып жатыр. Алматы ауданындағы №96 жалпы білім беретін мектеп ұжымы мен «Өрлеу» БАҰО АҚФ республикалық кәсіби даму институты «Педагогтің функционалдық сауаттылығы – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың негізі» тақырыбында қалалық тәжірибелік-семинар өткізді.

Аталмыш семинар пән мұғалімдерін қолдау мақсатында оқыту тәжірибелеріндегі функционалдық сауаттылықты дамытуды жетілдіру бойынша ұйымдастырылып отыр. Семинар жұмысын Алматы аудандық Білім бөлімінің басшысы Зоя Қойшыбаева ашып, 40-тан аса қала мектептерінің пән мұғалімдері мен оқу ісі жөніндегі орынбасарларының қатысып отырғанына ризашылығын білдірді. Келесі кезекте сөз кезегін алған «Өрлеу» республикалық кәсіби даму институтының аға оқытушысы Жанар Жартынова жалпы функционалдық сауаттылықтың атқаратын қызметі туралы айтып, жиынның маңыздылығына тоқталды.

Семинардың теориялық бөлімінде «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбы бойынша белсенді оқыту тренингі жүргізілді. Тренингте функционалдық сауаттылықтың барлық түрлерін дамыту, сабақты жоспарлауда түсініп қолдану идеялары ұсынылды. Тренингті ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Эльмира Серікбайқызы мен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Анар Берденова жүргізді. Семинар барысында нақты тәжірибелік кезеңде оқу сауаттылығын дамытуға арналған қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәніндегі мәнмәтіндік тақырыптарды біріктіретін дайджест сабақтар көрсетілді. Жалпы, тәжірибедегі жаңашылдық – үш тілде оқушылардың оқу сауаттылығындағы ақпаратты түсіну, рефлексия жасау



дағдыларын қалыптастыруды мақсат етіп отыр. Дайджест сабақтарды қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, тарих пәні, ағылшын тілі пәні мұғалімдері өткізді.

Тәжірибелік-семинар соңында Республикалық кәсіби даму институтының Жаратылыстану, математика және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың мазмұны мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, магистр, тренері Айжан Есентаева PISA халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы бойынша соңғы бес жылдың талдау нәтижесімен бөлісті. Сонымен қатар, кері байланыс орнатып, қонақтар мен семинарға қатысушыларға сұрақтар қойылды. Түрлі мәселелерді шешу жолдарын қалыптастыратын іс-шаралар жоспары жасалды.

Семинар соңында аудандық оқу бөлімінің бас әдіскері Әсем Нұрбаева, Білім беру саласының құрметті қызметкері Рымтай Құлжабайқызы, №96 жалпы білім беретін мектептің директоры, педагог-шебер Райгүл Жұмағалиева бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңашылдықтар туралы баяндап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

## ОНКҮНДІК

## БІЗ АҒЫЛШЫНША СӨЙЛЕЙМІЗ!

### «Welcome to the world of English» атты ағылшын тілі апталығы өтті

Медеу ауданындағы №98 жалпы білім беретін мектепте он күн бойы ағылшын тіліне арналған «Welcome to the world of English» атты ағылшын тілі кафедрасының онкүндігі өтті. Бұл күні пән мұғалімдері мен оқушылар ағылшын тілінде дәріс, түрлі ашық сабақтар, басқа да іс-шараларды өткізді. Қытай халқында «бір тіл білсең, бір адамсың, үш тіл білсең, көп адамсың» деген тәмсіл бар. Тереңіне үңілсеңіз, үлкен мән жатқанын байқайсыз.



Аталмыш мектепте әр жыл сайын бір-біріне ұқсамайтын, өткен жылғы ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, әртүрлі өзекті тақырыптар қолға алынады. Он күн бойы ашық сабақтар, сабақтан тыс іс-шаралар, мұғалімдер арасында ұжымдық қарым-қатынасты жақсарту, тәжірибе алмасу сынды әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

– Онкүндіктегі ең басты мақсатымыз – ашық сабақтарда жүзеге асырылатын бағалау жүйесіне қатаң талап қойылды. Мәселен, өзара тәжірибе алмасу, бағалаудың дұрыс, әділетті болуына, бағалау критерийі мен дескриптордың дұрыс жүргізілуіне әкімшілік тарапынан талдау жасалып, нақты ұсыныстар берілді. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы

аясында ұстаздар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру мәселесі маңызды екені белгілі. Ол үшін әрбір ұстаз өзінің жеке каналын ашып, өз тыңдаушыларын тарту арқылы аудитория жинауы керек. Сондай-ақ, қашықтан оқыту мәселесінде де оқушыларға ыңғайлы оқу ортасын құру қазіргі ұстаздар үшін аса маңызды мәселе. Бір сөзбен айтқанда, заман талабына сай ыңғайланып жатырмыз, – дейді мектеп басшысы Манат Әшірбекова.

Шындығында, қазіргі таңда оқушылар ақпараттың көп бөлігін интернет желісі арқылы алады. Қазіргі кезде ұстаздар электронды журналды «Kundelik.kz» арқылы жүргізеді. Барлық қажетті мәліметтерді электронды нұсқада сол жерден алуға мүмкіндік бар. Сон-

дықтан мұғалімдердің цифрлық сауаттылықтарын арттыру мақсатында мұғалімдер арасында курстар ұйымдастырып отыр. Цифрлық сауаттылықтарын арттырып, түрлі платформалармен жұмыс жүргізіп, оны оқушыларға үйрету осы онкүндікте жүзеге асып, мұғалімдермен тәжірибе бөлісті.

– Оқушылардың ағылшын тілін мемлекеттік білім беру стандарты бойынша қалай меңгергендігін бақылау, олардың тілге қызығушылық қабілеті мен ағылшын тілінде дұрыс сөйлей, жаза алуын дамыту, сөздіктің айтылуы, дыбысталуы, жазылуымен жұмыс жасай отырып, ағылшын тілінде сөздік қорын байыту өзекті болып отыр. Сонымен қатар, оқушыларымызды ұжымдық қарым-қатынасқа, өздігінен іздене білуге үйретіп, ана тілімен қатар, ағылшын тілін құрметтеуге тәрбиелеп отырымыз. Бұған қоса, цифрлық сауаттылықты арттыра отырып, оқушыларды цифрлық тұрғыдан сауатты тұлға етіп қалыптастырсақ дейміз, – дейді мектеп басшысы.

Онкүндік барысында оқушылар арасында «What is it?» ойыны ойнатылды. Оқушылар белсенді қатысып, өз білімдерін ортаға салды. Бұл ойын оқушылардың сөздік қорын жетілдіруге, тез ойлауына көмектесті. Сондай-ақ, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9-10-сынып оқушылары ағылшын тілінде оқыған кітаптарымен таныстырды. Онкүндік бойы кафедра мұғалімдері ашық сабақтар өткізді. Ашық сабақтар өз деңгейінде, жоғары дәрежеде өткізілді. Ашық сабақтарға тәжірибе алмасу негізінде мұғалімдер қатысып, өз білімдерін шыңдай түсті. Қазіргі ақпараттық технологиялар әлемінде цифрлық сауаттылық әмірдің ажырамас бөлігіне айналса, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ақпаратты өңдеу, коммуникация және онлайн ортаға бейімделу қабілеттерін анықтады.

## БӘРЕКЕЛДІ!

Биылғы 1 қыркүйекте Алматыда 17 мектеп пайдалануға берілген еді. Олардың қатарында 1500 орынға арналған 1 мемлекеттік мектеп («Қайрат» ықшамауданы) және 3059 оқушыны қамтитын 16 жеке мектеп бар. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған 4029 орынды 5 мектеп жанынан салынып жатқан қосымша ғимараттар – №148, №48, №9, №101, №65 мектептердің құрылысы аяқталды.

## БЕС ҚОСЫМША МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Сондай ғимараттың бірі – «Құлагер» ықшамауданындағы №148 мектеп-гимназиясының жанынан жапсарласа салынған 300 орынды, 3 қабатты қосымшаның құрылысы аяқталып, пайдалануға беріліп отыр. Мектеп ғимаратының қосымша құрылысы 2022 жылдың қыркүйек айында басталып, биыл жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Дәл қазір мектепте 2066 бала оқиды. Мектептің жаңа оқу ғимаратында оқу және мультимедиялық кабинеттер, киім ілетін жер, физика-химия зертханасы, медиатека, оқу залы, логопед және психолог кабинеті қарастырылған. Сонымен қатар, мектеп аумағында жаңадан футбол, баскетбол және воркаут алаңдары бар.

Сонымен қатар, 300 орынды қамтитын №65 мектеп, 250 орынға арналған №48 мектеп, 120 орынға арналған №9 мектеп-интернаты және №101 мектептің мәжіліс залының да қосымша құрылыстары сәтімен аяқталып, пайдалануға берілді. Жалпы, мұндай қосымша құрылыстардың салынуы мектептегі оқушы орындарының тапшылығының азаюына көмектесері анық. Бүгінде Алматыда 215 мемлекеттік мектеп жұмыс жасап жатса, әлі де орын тапшылығы 30 мыңды құрайды. Қалалық Білім басқармасы осы мәселелерді шешу үшін тағы да 6 мектеп ғимаратына (№195, №174, №58, №198, №99, №16 мектеп) қосымша құрылыс жұмыстары басталады деп жоспарлап отыр.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.





# ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

## Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

## Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

**Редакция мекенжайы:** 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

**Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.**

## Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

## 2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503

Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

## Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

**Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

## Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 7 ақпан, сағат 09.00 Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-көше, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 523 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 5 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 7 ақпан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 829 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 5 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

## ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

### АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ПРОКУРАТУРАҒА ЖҮГІНУ МЕХАНИЗМІН, СОНДАЙ-АҚ ЖОҒАРЫ ТҮРҒАН ПРОКУРАТУРАҒА НЕМЕСЕ СОТҚА ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРУ

Прокуратура органдарының жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылының маңызды құралдарының бірі – өтініштер. Бұл жеке және заңды тұлғалардың өз құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғаудың маңызды институттарының бірі болып табылады. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың рәсімдері 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ санды Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) нақты регламенттелген.

Кодексте белгіленген тәртіппен берілген жолдарымен міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Өтініштер мемлекеттік органға, жергілікті өзін-өзі басқару органына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаға берілген жағдайда арыз иесіне күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетілген бірегей нөмірі бар талон беріледі.

Өтініш келіп түскен күні тіркеледі. Егер өтініш жұмыс істемейтін күні келіп түскен болса, онда ол жақын уақыттағы жұмыс күнімен тіркеледі.

Жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер бойынша келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін өтініштер Кодексте белгіленген тәртіппен қаралуға жатады.

Өтініш Кодекстің 63-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, әкімшілік орган, лауазымды адам арыз иесіне жүгіну қандай талаптарға сай келмейтінін көрсетеді және оны талаптарға сәйкес келтіру үшін ақылға қонымды мерзімді белгілейді.

Егер арыз иесі өтінішті әкімшілік орган, лауазымды адам белгілеген мерзімде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтірмесе, әкімшілік орган, лауазымды адам оны қайтарады.

Өтінішті қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді.

Арыз иесі әкімшілік іс бойынша шешім қабылданғанға дейін өтінішті өзінің жазбаша арызы негізінде кері қайтарып ала алады. Арыз иесінің өтінішті кері қайтарып алуы мерзімдер сақталған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, оны қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

Кодекстің 91-бабына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

## Прокуратура органдарында жеке қабылдау тәртібін түсіндіру

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті.

Қабылдау белгіленген жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жұмыс орны бойынша өткізілуге тиіс. Егер өтінішті лауазымды адам қабылдау кезінде шеше алмаса, ол жазбаша нысанда баяндалады және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті) Бөгенбай батыр көшесі, 145 мекенжайында орналасқанын хабарлаймыз.

Комитетінің Алматы қаласы бойынша департамент басшылары, жеке және заңды тұлға өкілдерін қабылдау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

## Пенитенциарлық мекемелерінде орналасқан терминалдар арқылы

### сотталғандарға өтініштер беру механизмін түсіндіру

(Бекітудің 6-тармағы)

Пенитенциарлық мекемелерінде сотталғандардың өтініштерін қабылдау регламенті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы

| Басшылар                                       | Лауазым                                                                                          | Апта күні     | Қабылдау уақыты |
|------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|-----------------|
| Арап Абай Сейдірұлы                            | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің бастығы                                         | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Баймолдаев Мейірбек Ергалиевич                 | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті бастығының орынбасары                              | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Ержанов Муратбек Ессемович                     | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті бастығының орынбасары                              | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Үсенбаев Бахыт Нурланович                      | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім бастығы                                   | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Жандыбай Ильяс Серікбекұлы                     | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім бастығы                                   | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Жауапты қызметкер Мамырбекова Айжан Алибекқызы | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыру-кадр жұмысы жөніндегі аға прокуроры | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Түскі ас уақыты 13.00 – 14.30                  |                                                                                                  |               |                 |

17 қарашадағы №819 бұйрығымен айкындалады. Сотталған адам қылмыстыққатқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес өтініш жолдағысы келсе, ол мұны тек өз атынан жасай алады.

Егер өтініш сотқа, прокуратура органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға жолданса, онда оны сотталғандар электрондық өтініш беру терминалы арқылы электрондық құжат түрінде жібере алады.

Сотталғандар үшін терминалды пайдалану мүмкіндігі күн сайын, белгіленген кесте мен күн тәртібіне сәйкес жасақтар бойынша беріледі.

Өтінішке келіп түскен жауап сотталғанға қолхатпен үш жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі және оның жеке ісіне қоса тіркеледі.

А.Ө.АЛМАСАЙ,

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің азаматтық-әкімшілік саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры.



Бас директор –

**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:**

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

**Төрехан ДАНИЯР**

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

**Серік ЖҰМАБАЕВ**

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**

тел: 293-08-12.

e-mail: d\_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімі

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

## Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:

**Мұрат ӘУЕЗОВ,**

**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**

**Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

## Меншік иесі:

**«Alatay Aqparat» ЖШС.**

**alatayaqparat@mail.ru**

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**

**Апталық таралымы – 28 412**

**Кезекші редактор –**

**Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VРУ00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Оффсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің**

**электронды нұсқасы**

**«AIR ASTANA»**

**әуе компаниясы бортындағы**

**жолаушыларға қолжетімді.**

[www.instagram.com/aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/UCkxM2xr/Chx6Bt1ggA](https://www.youtube.com/channel/UCkxM2xr/Chx6Bt1ggA)

[web.telegram.org/k/#@aqshamy\\_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/aqshamy\\_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)





## МӘСЕЛЕ

## ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМІ

Ұлттық анимацияның тамырына қан жүгіртер кез келді

Интернет – құдіретті күш. Оған шүбә да жоқ. Бірақ сол құдірет жетпейтін тұс бар. Ол – қазақ анимациясы. Бұны талай айттық, бірақ сең қозғалар емес.



Суретті түсірген Самат СЕРКЕБАЙҰЛЫ.

Олжас  
ЖОЛДЫБАЙ

Әсілі қажеттілік болмаса, өздігімізден ізденбейміз. Ауылдан анам мен 6 жасар інім қыдырып келді. Алғашқы 1-2 күн көңілдерін аулаған болдық. Максат – балаға смартфон бермеу. Оған қойсын ба, жылап-сықтап телефонға жабысты. Шешей де өктемдік танытып, телефон беруімді нұсқады. Әбден соған үйреніп алған ғой. Қойшы әйтеуір, көңілдерін жықпайын дедім іштей. Содан YouTube-қа телмірдік. Іздеу батырмасына «қазақ мультфильмдері» деп тіркедік. Ішінен қазақтың «Ертөстік», «Мұзбалақ» және т.б. шыға келді. Ең көп табылғаны – «Маша и Медведь». Бір ойым қазақша іздеген сияқты едім деп ойладым. Содан тынымсыз, дүниені қиратқыш Машаны, әбігер болған аюды көрдік. Соған бала жабысты да қалды. Қазақшасын қойып едік, оны көргісі жоқ. Тез жалығады. Тек қана «Көксерек», «Отырардың күйреуі» сынды мультфильмдер ғана бүлдіршінді елітеді екен. Қалғанын қайдам.

МУЛЬТФИЛЬМ КӨРУ  
АРМАН-ТҰҒЫН

Бала кезімізде «Том мен Джери», «Ну, погоди!» сынды мультфильмдерді көп көретінбіз. Қызықты болатын. Соның таспасын сатып алуға ынтық едік. Кейде қаржы болмай, ақыға жалданатынбыз. Ата-анаға айтуға қымсынатынбыз. Қазіргі бала ондайды түсінсін бе?! Әрине, шаңынды қағады. Содан азар да безер болып тыныштандырасы. Баяғыда олай емес еді.

Күрмеуі қиын 90-жылдары өмірге келдік. Үлкендердің көңіліне қарап күн кешетінбіз. Әке-шеше ондайға шама жоқ десе, мазаламайтынбыз. Өйткені, бәрібір қол қысқа, айтқанмен жағдайы жоқ болатын. Содан қазақ мультфильмдерін теледидардан іздеп, уақыт-сағатын күтетінбіз. Оған дейін үйдің шаруасын реттеу міндет. Әйтпесе, теледидарға телміру айып.

Бала кезде «Қарлығаштың күйреуі неге айыр?», «Қадірдің бақыты» дейтін мағыналы қазақ мультфильмдері ілуде берілетін. Ұдайы толассыз беріле бермейтін. Соны осы күні үлкендерге айтсақ, үлкен кісілер телеэкран деген болмаған деп шығады. Бұны естіп, тілді тартасыз. Бірақ өзінен кейінгіге қарап қарның ашады. Күн ұзаққа смартфон сарнап тұрады. Шіркін, бір өшпейді ғой. Танертең бізбен оянады, сені ұйықтатып барып, сөнеді ғой. Оған назар аударып жатқан бала да жоқ. Әркімнің өз

кызығы бар. Қайран күндер, не болып барамыз...

НЕГЕ АНИМАЦИЯНЫ  
КӨПТЕП ТҮСІРМЕЙДІ?

Бір таңқалатыным, осы қазақ мульттоптамасының жағдайы. Неге әртүрлі жасқа арнап түсіріп қоймасақ? Іздей қойсаң, тәуірін таппай далмыз. Айтсаң, ауыз жазықты. Тым құрығанда, керемет мульттоптаманы дубляж жасауға болады ғой. Соны қатырмаймыз. Уақыт ұзатпаймыз, осы істі қолға алса екен.

Шетелде небір мультфильм бар. Кино сияқты сериал қылып түсіреді. Құдды, бір телехикая көріп отырғандай боласыз. Қанша дегенмен, өзге менталитет біздің ыңғайға жарай бермейді. Отбасымен бірге көруге отырамыз. Арасында жап-жас қыз бен жігіт сүйісе кетеді. Ал оны қалай етесіз? Амалсыз бетті басасыз. Іштей бала көретін, қазақша баланы алдарқататын дүние қашан шығады деп ойланп, армандап қоямыз.

Егер қазақ ертегілерін топтап, іріктесе, талай ғажайып табады. Алпамыс, Қобыланды, хайуанаттар туралы неге түсірмеске? Сюжет жетеді, енді іске кірісу керек. Уақыт ұттыра берсек, бәрі кешуілейді. Сосын сюжеттік желі бала санасына ауыр, әрі қызықсыз болмасыншы. 7–10 минуттық хронометраж жетеді ғой. Сосын суретпен әрлеу, дыбыс үйлестіру жағы баланы өзіне елітпейді. Балаға саясат емес, заманауи аспектілерге сай қимыл-қозғалыс, шапшаңдық қызық. Қазіргі бала бұрынғыдан өзгек. Тіпті, сізден ақылды. Смартфонды тез игереді. Сол себепті, баламен санасып, соған сай туынды шығаратын кез жетті.

**ТҮЙІН:** Қазақтың өзінің төл туындысы болса екен. Қазақ баласын шетел емес, өз құндылығымыз тәрбиелесе дейміз. Сонда қазақ анимациясының тамырына қан жүгіретін болар.



## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



## «ТӘУЕЛСІЗДІК – ЖЫР-ӘНІМІЗ»

қалалық байқау болып өтті

«Кемел» ықшамауданының Мәдениет үйінде Жетісу аудандық әкімшілігі, аудандық Ардагерлер кеңесі мен Жетісу аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ұйымдастыруымен ел Тәуелсіздігі күні қарсаңында «Тәуелсіздік – жыр-әніміз» атты қалалық байқау болып өтті. Ұлық мереке қарсаңында ұйымдастырылып отырған байқауға қаламыздағы 10 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қатысты.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөз кезегін алған Жетісу ауданы әкімінің аппарат жетекшісі Рүстем Әжібекұлы барша қатысушыларды алдағы мерекемен құттықтап, осы жолдағы ерекше еңбектеріне алғысын жеткізді. Сонымен қатар, қала әкімі тарапынан жасалып жатқан жұмыстар легімен таныстырып, көрсетіліп жатқан қолдауға ризашылығын білдірді. Келесі кезекте Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы қала өміріне белсене атсалысып жатқан барлық қарияларға алғысын жеткізді.

Сонымен, аталмыш байқау үш кезеңді қамтып, он орталықтың қатысушылары өз өнерлерін ортаға салды.

Алғашқы «Таныстыру» кезеңінде әрбір орталықтың топтары өздерін әдемі әзілмен, орамды ұй-

қаспен таныстырды. Олардың тауып айтқан әзілдері мен ақ тілектері жүректен шығып, жүрекке жетіп жатты. Мәселен, өмірінің денін еңбекке арнап, бүгінде зейнетке шықса да, өздерінің қол қушырып отырмайтынын:

«Қарттыққа бой алдырмай, Белсендіміз біз қазір, Орталыққа барамыз,

Содан жігер аламыз», – деген өлең жолдарымен жеткізді. Келесі кезеңде қатысушылар халқымыздың ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жаңғыртты.

Бұл күні халқымыздың «Қазан қайнатар», «Бесікке салу», «Сырға салу», «Қыз ұзату», «Құда күту» сынды салт-дәстүрлері сахналанып, әдемі ән, мың бұралған би, күмбірлеген күймен өрнектелді.

Байқаудың үшінші кезеңінде қатысушылар ұлттық киімдерден дефиле көрсетті.

Байқау қорытындысы бойынша Алматы аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы «Дәстүрлі әжелер», Алатау ауданы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы «Батыр әжелер», Бостандық ауданы «Сәнқой әжелер», Әуезов ауданы №1 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы «Шебер әжелер», Жетісу ауданы «Көрермен көзайымы», Наурызбай ауданы «Тапқыр әжелер» аталымына ие болды.

Сонымен қатар, қалалық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы Бас жүлде, Медеу ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы I орынды, Түркісіб ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы II орынды, Әуезов ауданының «№2 Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы III орынды иеленді.

## КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.